Мәмбетрзаева Салтанат	03.07.2007	9«Б»	Локализованная (фокальная) (парциальная) симптоматическая эпилепсия и эпилептические синдромы с простыми пацияльными припадками. Туберозный склероз. Болезнь Прингла Бурневилля.	№6370 19.04.2023-05.2024	№3306683 05.06.2023 - 03.07.2025	Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы
Русланқызы Қырмызы	06.10.2014	2«В»	ДЦП Атаксический церебральный паралич. ЗПР.	№6376 19.04.2023-05.2025	№2304659 18.04.2019 06.10.2030	Обучение по индивидуальной учебной программе начального образования в условиях общего класса общеобразовательной школы
Асылбекқызы Айсұлу	31.08.2009	9"Ә"	Злокачественное новообразование затылочной доли головного мозга	-	№3304826 20.12.2023 - 31.08.2027 жыл	-
Сматов Диас	01.12.2006	11Ә	Назофарингеальная карцинома носоглотки с метас.лим.шей с обеих сторон	-	№2564349 13.10.2020 -	-

Мектепте ПМПК қорытындысының нәтижесінде 4 оқушы үйден оқыту ұйымдастырылған, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған.

Қосымша №8: Инклюзив оқыту.

Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

Мектеп қазақ тілінде білім беріп, екі ауысымда жұмыс жасайды. 2023-2024 оқу жылында 1008 білім алушылар, оның ішінде қыз балалар - 474 (47%), ер балалар- 534(53%). Оқыту сатылары бойынша төменде көрсетілген ретпен бөлінді:

Бастауыш кластар бойынша контингентке талдау:

Оқу жылдары	1кл		2кл		3кл		4кл		1-4кл		
	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	Кл/компл	оқушы
2021-2022	3	83	4	101	4	89	6	134	17	17	407
2022-2023	4	98	3	173	4	86	3		14	14	328
2023-2024	4	97	4	94	3	80	4	93	14	14	364

5-9 кластар бойынша контингентке талдау:

Оқу жылдары	5 кл		6 кл		7 кл		8 кл		9 кл		5-9 кл	
	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы
2021-2022	4	89	5	111	5	118	4	88	5	113	23	519
2022-2023	5	117	3	84	4	105	5	113	4	88	21	507
2023-2024	3	80	5	120	3	80	5	116	5	115	21	511

10-11 кластар бойынша контингентке талдау:

Оқу жылдары	10 кл		11 кл		10-11 кл	
	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы
2021-2022	4	80	3	71	7	151
2022-2023	3	68	4	75	7	143
2023-2024	3	65	3	68	6	133

Кластар толымдылығы:

Оқу жылдары	Оқушы саны	Барлық кластар саны	Класс/комплект	Класс толымдылығы
2021-2022	1077	47	47	1 класта - 22,9
2022-2023	978	42	42	1 класта - 23,2
2023-2024	1008	42	42	1 класта - 24

2023-2024 оқу жылында І жарты жылдықта барлығы-41 класс комплекті болды. Оқушылардың кластағы орташа толымдылығы шамадан артық болған соң, оқу жылының ІІ жарты жылдығында 8 кластан қосымша 1 класс комплект ашылды.

Барлық класс комплект – 42, барлығы 1008 білім алушы оқытылуда. Мектеп бойынша класс толымдылығы 24 оқушы.

Білім алушылардың ұлттық құрамы

Ұлты	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қазақ	1077	978	1008

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Оқу жылы	Келгені	Кеткені	Барлығы
2021-2022	78	112	190
2022-2023	75	95	170
2023-2024	105	73	178
Барлығы	258	280	538

2021-2024 жылдар аралығында мектепке келген бала саны- 258, кеткен бала саны- 280, яғни мектептегі білім алушылардың кетуі тұрғындардың қоныс аударуына

байланысты.

Әдістемелік ұсынымдарға 8-қосымшаға сәйкес білім алушылар контингентінің құрамы:

Оқу жылы	бастауыш мектеп		негізгі мектеп		орта мектеп		мектеп бойынша барлық контингент	
	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
2021 – 2022	17	407	23	519	7	151	47	1077
2022 – 2023	14	328	21	507	7	143	42	978
2023 – 2024	14	364	21	511	6	133	41	1008

ҚОРЫТЫНДЫ: 2021-2022 оқу жылының басында 1077 оқушы, аяғында 45 оқушыға білім алушылар контингенті кеміген. 2022-2023 оқу жылы бойынша 978 оқушы аяғында 3 оқушыға білім алушылар контингенті көбейген. 2023-2024 жаңа оқу жылы бойынша білім алушылар саны - 1008 оқушы. Былтырғы жылдармен салыстырғанда 3 % білім алушылар саны артты.

Қосымша №4: Контингент

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Мектептің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдардағы жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі тексерілді.

«М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ жалпы білім беретін мектеп — бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламасын, сондай-ақ оқитындар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламасын пайдаланатын оқу орны болып табылады. және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 1-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарауы 3 тармақшасы негізінде оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылады.

2021-2022 оқу жылы

Мектепалды даярлық сыныптарында ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 №195 (бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшаға сәйкес, 5 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектеп алды даярлық сыныбына арналған үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Мектепалды даярлық сыныптарында инварианттық бөлікте 17 сағат вариативтік бөліктен өткізетін сабақтар 3 сағат. Оқу жоспарында тұрақты «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бөліктері және қосымша вариативтік компонент есебінен «Мейірімділік пен әділдік мекені», «Ана тілім – дара тілім», «Қызықты

математика» тақырыптарындағы 3 сағат қамтылды.

1-4 кластар аралығында 17 класс комплекті, 5-11 сыныптар аралығында 23 класс комплекті, 10-11 класс 7 класс комплектісінде барлығы 1077 білім алушымен басталды.

2021-2022 оқу жылында білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе»нің қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты.

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру болатын.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылды.

Мектепалды даярлық сыныптарында ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 №195 (бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшаға сәйкес, 5 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектеп алды даярлық сыныбына арналған үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

1-4 кластар үшін оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1- қосымшасы (қазақ кластарына) негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынды. *Вариативтік компонент сағаттары:*

2-4 кластарында белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға «Қылқалам шебері» аптасына 1 сағат, «Хореография» аптасына 1 сағат Оқушылардың танымдық, білімдік деңгейін көтеру, ой бебсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіс бағыттау мақсатында аптасына 2 сағат оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын , логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында таңдалып алынды.

5-9 кластар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6 - қосымшасы қазақ кластарына негізге алынған. **Вариативтік компоненттік бөлімнен** «Жаһандық құзыреттіліктер» курсынан білім алушылардың 21-ғасыр дағдыларын қалыптастыру мақсатында: «Парасаттылық және әдеп» 5-кластарға 1 сағаттан, «Экология» 6-кластарға 1 сағаттан, «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» 7-кластарға 1 сағаттан, «Табиғат пен техникадағы физика» 8-кластарға 1 сағаттан, «Зайырлылық және дін тану» 9-кластар 1 сағаттан енгізілді.

Сонымен бірге, жас ұрпақтың бойында жас кезінен туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, туған жер табиғатын аялай білетін ұрпақ тәрбиелеу мақсатында: Элективті курстарға

«Табиғат таңғажайыптары» 5-кластарға 1 сағаттан

Білім алушылардың компьютерлік сауаттылыққа үйрету мақсатында:

«Информатик әлемі» 6-кластарға 1 сағаттан.

Оқушылардың жазылым әрекеті дағдысын қалыптастыру үшін эссе жазуды төменгі кластардан үйрету мақсатында:

«Сиқырлы қалам» 7-кластарға 1 сағаттан.

Денсаулық мәдениетін қалыптастыру мақсатында:

“Адам және оның денсаулығы” - 8-кластарға 1 сағаттан 8А,Ә,Б,В

«Табиғат пен техникадағы физика» - 8-кластарға 1 сағаттан 8А,Ә,Б,В енгізілді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты ғылым негіздерін ағылшын тілінде оқыту арқылы оқушының коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында:

«Адам анатомиясы» ағылшын тілінде - 9 А 1 сағаттан;

«Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену» - 9 Б 1 сағаттан;

«Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында химия пәнінен ағылшын тілін кіріктіре оқыту» - 9 Ә 1 сағаттан;

Қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын таныту, ұлы ақын шығармаларын терең де жан-жақты талдау мақсатында:

«Абайтану» 9-кластарда 1 сағаттан 9 В, Г енгізілді.

Жалпы орта білім беру:

Қоғамдық –гуманитарлық бағыт 10-11- сыныптарда оқу жоспарының жылжымалы бөлігіндегі сағаттар төмендегі үлгіде алынды.

11Б класта

Тандау пәні тереңдетілген деңгей;

Дүниежүзі тарихы -3 сағат

Құқық негіздері – 3сағат

Тандау пәні стандарттық деңгей;

Кәсіпкерлік және бизнес негіздері-2 сағат

Физика – 2 сағат

Вариативті компонент ;

- 1.Қазақтану. «Халық педагогикасының тағылымдары» 11Б 1 сағат
2. «Математикалық сауаттылықты дамыту есептері» 11Б класта 1 сағаттан
3. « Күрделілігі жоғары физика есептерін шығару» 11Б класта 1 сағаттан
4. «Жасушалық биология» 11Б класта 1 сағаттан
5. «Тарихи кезеңдер» 11 «Б»сағаттан
- 6 «Абайтану» 11Б класта 1 сағаттан
7. «Компьютерлік графика» 11Б класта 1 сағаттан

10 В класта

Вариативті компонент ;

1. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 10В класта 1 сағаттан
2. «Химия негіздері» 10В класта 1 сағаттан
3. « Күрделілігі жоғары физика есептерін шығару» 10В класта 1 сағаттан
4. «Жасушалық биология» 10В класта 1 сағаттан
5. «Тарихи кезеңдер» 10 В класта1сағаттан
6. «Абайтану» 10 В класта 1 сағаттан
7. «Экономикалық география» 10 В класта 1 сағаттан
8. «Компьютерлік графика» 10 В класта 1 сағаттан

Жаратылыстану – математикалық бағыт 10-11- сыныптарда оқу жоспарының жылжымалы бөлігіндегі сағаттар төмендегі үлгіде алынды.

10 А,Ә,Б кластарда

Вариативті компонент

Кәсіпкерлік және бизнес негіздері – 1 сағат

Абайтану – 1сағат

Химия негіздері – 1сағат

Компьютерлік графика – 1сағат

11А,Ә класта

Тандау пәні тереңдетілген деңгей;

Физика -4 сағат

География – 4 сағат

Таңдау пәні стандарттық деңгей;

Графика және жобалау -2 сағат

11Ә класта

Таңдау пәні тереңдетілген деңгей;

Физика -4 сағат

География – 4сағат

Таңдау пәні стандарттық деңгей;

Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -2 сағат

Вариативті компонент:

1. «Абайтану» 11А,Ә - 1- сағаттан

2. «Математикалық сауаттылықты дамыту есептері» -11А,Ә 1 сағаттан

3. «Қазақтану. Халық педагогикасының тағылымдары» 11 А,Ә 1сағаттан

4. «Жасушалық биология» 11А,Ә 1 сағаттан

5. «Күрделілігі жоғары физика есептерін шығару» 11 Ә 1 сағаттан

6. «Химия негіздері» – 11 А -1сағаттан

7. «Компьютерлік графика және CoreLDRAW» - 11 А,Ә класта 1 сағаттан;

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынды. Сабақ кестесін құруда оқу мерзімі 34 аптамен, әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2021-2022 оқу жылында 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынды.

Қосымша №5: Оқу жоспары; №9 Вариативтік компонент

2022-2023 оқу жылы

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 [бұйрығына](#) өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес, 5 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектеп алды даярлық сыныбына арналған үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 20 сағатты құрайды.

2022 - 2023 оқу жылында 1-4 сыныпта 14 класс жиынтығында – 328 оқушы, 5-9 сыныпта 21 класс жиынтығында – 507 оқушы, ал 10-11 сыныпта 7 класс жиынтығында – 143 оқушы оқыды. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 8-қосымша 1-4 кластар үшін; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрінің

2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымша 5-9 кластар үшін, (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 38,39 - қосымшалары 10-11 кластар үшін, типтік үлгілік оқу жоспары жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Мектепалды даярлық сыныптарында

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес өзгеріссіз алынды.

кластар үшін оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 8-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынды.

Бастауыш білім беру деңгейі:

Бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі –

- 1-сыныпта «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Вариативтік компоненттен белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар 1-4 кластарда: «Логика және таным» - 1а,ә,в, 2а,ә,б, 4б, кластарына - 1 сағаттан берілді. «Шахмат» - 1б, 4а,в кластарына - 1 сағаттан берілді. «Домбыра» - 3а,ә,б,в кластарына - 1 сағаттан берілді.

5-9 кластар үшін оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынды.

Негізгі орта білім беру деңгейі:

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен **«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы** таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» 5-8 кластарда 0,5 сағаттан, 9 класта 1 сағаттан таңдалған.

10-11 кластар үшін оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 38,39 –қосымшалары негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынды.

Жалпы орта білім беру деңгейі:

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі. Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық қорғаныс сауықтыру лагерьлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

2022-2023 оқу жылында 10а, 10ә, 11а, 11ә, 11б кластары оқытудың жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша, 10б, 11в кластары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша білім алады.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсын

10-11 кластар 1 сағаттан.

Вариативтік компоненттен элективті курстар 10 кластарға:

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша:

«Графика және жобалау» - 10а,ә кластарға 1 сағаттан таңдалған.

Қоғамдық- гуманитарлық бағыты бойынша:

«Тарихи кезеңдер» - 10б класына 1 сағат

«Абайтану»-10б класына 1 сағат

«Әдеби шығармашылық жұмыс»- 10б класына 1 сағат

«Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену»- 10б класына 1 сағат таңдалған.

Вариативтік компоненттен элективті курстар 11 кластарға:

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша:

«Абайтану»-11а,ә,б кластарына 1 сағаттан таңдалған.

Қоғамдық- гуманитарлық бағыты бойынша:

«Тарихи кезеңдер» - 11в класына 1 сағат

«Абайтану»-11в класына 1 сағат

«Әдеби шығармашылық жұмыс»- 11в класына 1 сағат

«Евразия кеңістігіндегі көшпелілер мәдениеті»- 11в класына 1 сағат таңдалған.

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынды. Сабақ кестесін құру оқу мерзімі 36 аптамен, әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле

отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 36 апталық жүктеме қамтылды.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2022-2023 оқу жылында 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынды.

Қосымша №5: Оқу жоспары; №9 Вариативтік компонент

2023-2024 оқу жылы

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 [бұйрығына](#) өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес, 5 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектеп алды даярлық сыныбына арналған үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 20 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру үшін төмендегі і нормативтік құжаттарды негізге ала отырып, оқу жұмыс жоспары жасалды.

Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) (1 - 4 және 5 - 9 кластар *төмендетілген*) 10 - 11 кластар жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары оқу жүктемесімен.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен **11-қосымша** 1-4 кластар үшін;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен **16-қосымша** 5-9 кластар үшін,

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен **85-86-қосымша** 10,11 кластар үшін, енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Мектепалды даярлық сыныптарында

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 [бұйрығына](#) өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес өзгеріссіз алынды.

1-4 кластар үшін оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен **11-қосымшасы** негізінде жасалынған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі. 1 кластарда аптасына 17,5 сағат, 2 кластарда аптасына 21 сағат, 3 кластарда аптасына 24 сағат, 4 кластарда аптасына 24 сағат апталық және жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес алынды.

Вариативтік компонент сағаттары:

Таңдау бойынша сабақтардан жеке және топтық сабақтар 1-4 кластарда: «Логика және таным» - 1а,ә,б,в, 2а,ә,б,в, 3а,ә,б, 4а,ә,б,в кластарына - 1 сағаттан берілді. 2 кластарда: «Мақалдар сандығы» - 2а,ә,б,в кластарына – 1 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру спорттық ойындар бойынша 1-4 кластарда: «қозғалмалы ойындар» 1а,ә,б,в, 2а,ә,б,в, 3а,ә,б, 4а,ә,б,в кластарына - 1 сағаттан берілді.

5-9 кластар үшін оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен **16-қосымшасы** негізінде бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі 5 кластарда аптасына 27 сағат, 6 кластарда аптасына 27 сағат, 7 кластарда аптасына 28 сағат, 8 кластарда аптасына 28 сағат, 9 кластарда аптасына 29 сағат апталық және жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес алынды.

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсын таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы

5-8 кластар 0,5 сағаттан, 9 кластар 1 сағаттан.

Дене шынықтыру (спорттық ойындар)

«Футбол» - 5а,ә,б кластарына 1 сағаттан, 6а,ә,б,в,г кластарына 1 сағаттан берілді.

«Баскетбол» - 7а,ә,б кластарына 1 сағаттан, 8а,ә,б,в кластарына 1 сағаттан берілді.

«Волейбол» - 9 а,ә,б,в,г кластарына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер

« Қазақ тілі » - 7а,ә,б кластарына 1 сағаттан, 8а,ә,б,в кластарына 1 сағаттан,

9 а,ә,б,в,г кластарына 1 сағаттан берілді.

« Алгебра » - 7а,ә,б кластарына 1 сағаттан, 8а,ә,б,в кластарына 1 сағаттан,

9 а,ә,б,в,г кластарына 1 сағаттан берілді.

« География » - 7а,ә,б кластарына 1 сағаттан, 8а,ә,б,в кластарына 1 сағаттан,

9 а,ә,б,в,г кластарына 1 сағаттан берілді.

10-11 кластар үшін оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 85-86 **қосымшасы** негізінде жасалынған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі қоғамдық-гуманитарлық бағыт 11 класта аптасына 31 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағыт 10 класта аптасына 31 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт 11класта аптасына 32 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт 10 класта аптасына 32 сағат апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес алынды.

Вариативтік компоненттік бөлімнен 2023-2024 оқу жылында 10а, 10ә,10б, 11а, 11ә, 11б кластары оқытудың жаратылыстану- математикалық бағыты бойынша, 10б, 11б кластары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша білім алады.

Вариативтік компоненттен элективті курстар 10 кластарға:

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы

10-11 кластар 1 сағаттан.

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша:

«Тарихи кезеңдер» - 10а,ә кластарға 1 сағаттан берілді.

«Абайтану» - 10а,ә кластарға 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық- гуманитарлық бағыты бойынша:

«Абайтану» - 10б класына 1 сағат

«Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену»- 10б класына 1 сағат берілді.

Вариативтік компоненттен элективті курстар 11 кластарға:

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша:

«Абайтану»-11а,ә кластарына 1 сағаттан берілді.

«Әдеби шығармашылық жұмыс» - 11а,ә кластарына 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша:

«Тарихи кезеңдер» - 11б класына 1 сағат

«Абайтану»- 11б класына 1 сағат берілді.

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынды. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «BilimClass» журналын пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 34 апталық жүктеме қамтылды.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2023-2024 оқу жылында 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынды.

Қосымша №5: Оқу жоспары; №9 Вариативтік компонент

Жалпы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik.kz», «BilimClass» журналдарын пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс қойылды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Мектептің оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген МЖМБС талаптарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалынды.

Қосымша №5: Оқу жоспары; №9 Вариативтік компонент

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында 1-11 сыныптардағы оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалынып, мектеп директорымен бекітілді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, электронды форматтағы «kundelik.kz» журналына салынған ал 2023-2024 оқу жылынан бастап «BilimClass» журналына толтырылуда.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz журналынан тексерілді, 2022-2023 оқу жылы аяғында барлық мәлімет сканерленіп, дискіге салынған болатын, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы талапқа сәйкес орындалды. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталды.

Пән мұғалімдерінің ұзақ мерзімді күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен қысқа мерзімді күнделікті сабақ жоспарлары жалпы білім беретін пәндер бойынша аталған үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалынып, әр пәннің саласы бойынша бірлестік отырыстарында талқыланып, мектеп директорымен бекітіліп отырады.

2021-2022 оқу жылы

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары бойынша барлық пәндердің оқу бағдарламалары негізінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалынады.

2021-2022 оқу жылында барлық 1-11 кластарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген өзгерістермен және толықтырулары бойынша 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынған. Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылды. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттеледі.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасының инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес

сағаттарының саны белгіленеді.

1-4 сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған.

2021-2022 оқу жылында *барлық 1-11 кластарында* күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген өзгерістермен және толықтырулары бойынша 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынды. 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктер 1 кластарға А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» пәні енгізілді. Сонымен бірге педагогтардың жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды, оқу жүктемесі төмендетілді. Сабақ ұзақтығы 45 минут болып бекітілді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары бойынша барлық пәндердің оқу бағдарламалары негізінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалынды.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылады.

Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталады.

5-9-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылады.

10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде оқытылды.

2022 -2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары әдістемелік бірлестік отырысында талданып өзгерістер енгізіледі.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы

сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттеледі.

Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар kundelik.kz-те толтырылады.

Аталған оқу жылдарына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылады.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында *барлық 1-11 класстарында* күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» қосымшалары бойынша бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынған. Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде педагогтар күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын жаңа қолданысқа енгізген [«BilimClass»](#) электронды журналына толтырылады.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылады.

2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналын қолданысқа енгізген. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары толтырылуы тексерілді. Сабақ кестесімен сәйкес келеді.

Жалпы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды форматтағы «[kyndelik.kz](http://kundelik.kz)» «BilimClass» журналдарға енгізілген. Оқу бағдарламалары жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

Қосымша №5: Оқу жоспары; №9 Вариативтік компонент

білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру балалардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз етуге бағытталған құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

Мектептегі тәрбие жұмысының мәселесі «Жеке тұлғаның бойында рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуын қалыптастыру». Тәрбиенің негізгі мақсаты: Дені сау, ұлттық сана сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Мектептегі тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы, ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының жоспары жыл сайын мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сәйкес тәрбиелік іс-шаралар жүргізілген.

Тәрбие сағаттарын өткізу кезінде білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формалары пайдаланылған. Тәрбие жұмыстары мектеп, отбасы, қоғам бағыттарында кешенді түрде өткізілген.

Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар мектебі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Мұрагер» әкелер мектебі, «Ақ орамал» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Ұлағат» ер балалар клубы, «Сырғалым» қыз балалар клубы, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы, «Адал ұрпақ», «Арын еріктілері» еріктілер мектеп клубтары, «Ділмар» дебат клубы, «SAPA» мобилографтар клубы, «Наркобекет» тобы құрылып, жұмыс жасайды.

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жыл сайын қазан айында мектепшілік сайлау өткізу арқылы жасақталады. Өз жұмысында өзін-өзі басқару ұйымы келесі бағыттарды ұсынады: азаматтық-патриоттық, адамгершілік, ақпараттық, ұйымдастырушылық, ойын-сауық және ойын.

«М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ бойынша оқушылардың таным мәселелерін шешуге және жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының жүзеге асырылу жағдайы төмендегідей зерделенді:

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жоспары бағыттары бойынша құруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген (2021ж.09 №472) міндетті құжаттар негізге алынған. Жасалынған жоспарда тәрбиенің басым бағыттары бойынша оқушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған шаралар қамтылған.

2021-2022 оқу жылында мынадай жобалар таңдалып, жоспарға енгізілген: «Оқуға құштар мектеп»; «Дебат» қозғалысы; «Дәстүр мен ғұрып»; «Қоғамға қызмет»; «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымдары; «Театр» жобасы.

Мектептегі тәрбие жұмысы жоспары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша құрылған.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

ҚР тұңғыш президент күніне арналған «Тәуелсіздіктің 7 қыры», «Бір ел, бір тағдыр» тақырыбында 1-4 сынып оқушыларына деректі фильмдер көрсетілді. Оқушыларға құқықтық тәрбие беру мақсатында «Кәмелетке толмағандардың қылмыс үшін қылмыстық жауаптығы» тақырыбында дәріс өткізілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Бейбітшілік пен келісімнің 30 жылы» тақырыбында мерекелік кеш, «Тәуелсіздік жетістіктері», «Ұлтты сүю білімнен емес, мінезден» атты Ә.Бөкейхановқа арналған әдеби-мәдени кештер өтті. «Елін қорғаған батыр бабалар», «Мен Тәуелсізбін» тақырыптарында бейнефильмдер көрсетіліп, сурет көрмесі өткізілді.

«Жолда жүру ережесін сақтау – балалардың қауіпсіз жолдары» тақырыбында 1-10 қыркүйек 2021 жылы жолда жүру ережелері онкүндігі болып өтті. Жоспарға сай, Жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Назар аударыңыз, балалар!» атты жолда жүру қауіпсіздігін сақтау жөнінде тәрбие сағаттары өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Жолда жүру ережесін сақтау – балалардың қауіпсіз жолдары» онкүндігі аясында, «Жаяу жүргінші жолынан өткізіңіз!» акциясы аясында «Жүргізуші ағайға», «Абайлаңыз, жүргізуші!» тақырыптарында көлік жүргізушілерге хат жазып, мектеп сақшылары арқылы оқушылармен бірге таратылды.

«Адал ұрпақ» жобасын іске асыру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес көптің ісі» тақырыбында танымдық сабақтар, «Жемқорлыққа жол жоқ» дөңгелек үстел өткізілді.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша атқарылған іс-шаралар:

«Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында «Қарттар күніне» және мүгедектерді қолдау айлығына арналған «Жалпыадамзаттық құндылықтар-тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеудің негізі» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Мектепке жол» акциясы аясында «Мейірімділік бар жерде әдемілік бар» позитивті іс-шаралар акциясы, «Досыңа қарап-адамды таны» атты тәрбие сағаттары, 1-наурыз Алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту – игілік сыйлау» қайырымдылық сабақтары, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Кітаптың беделін арттыру, «Оқу сәні», оқушы өздігінен білім алуды қолдау мақсатында, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» тақырыптарында акциялар өтті.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Қазақстан – әр ұлттың ақ бесігі» мерекелік іс-шара, «Туған тілім-өз тілім» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Көрікті қалам-Ақтөбе», «Біз – Қазақстан біртұтас халықпыз», «Ғасыр ақыны» М.Мақатаевтың 90 жылдығына арналған лирикалық кеш өткізілді. Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Ұлт ұстазы - Ыбырай» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Ұлттық дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар» тақырыбында танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі. Аталған бағыт бойынша өткізілген тақырыптар: «Мерейлі отбасым» ата-аналармен бейнероликтер түсірілімі; «Отбасы тәрбиесі- береке бірліктің бастауы» ата-аналар жиналысы; «Әке көрген оқ жонар» мектепшілік әкелер мен ер балалар арасында байқау; «Мұрагер» әкелер клубы, «Ақ орамал» аналар клубтары (жеке жоспар бойынша).

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша оқу марафоны «Менің отбасым кітап оқиды», «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасы және мектеп: бір бағыттағы көзқарас» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында іс-шаралар: «Қалдықтарды сұрыптай білейік» экологиялық бейне таныстырылым, «Семей ядролық полигонының жабылуына 30 жыл» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Инжу-маржан» сату ойыны, «Еліне елеулі жандар» ата-аналардың жұмыс орнынан репортаж сайысы, «Менің

болашақ мамандығым» Stan up-форматында іс-шара, «Бір реттік ыдыстар пайдасы мен зияны», «Менің гүлзарым» мектеп алдын көгалдандыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Ақтөбе облыстық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген онлайн «ЭКОЛАЙФ» жобасына мектептің «Жас Ұлан» ұйымы қатысып, жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Алтыншы бағыт – зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бойынша атқарылған іс-шаралар: «Менің Отаным -Қазақстан» атты кітап көрмесі, «Әлеуметтік желі чаттарындағы мінез-құлық ережелері» ашық тәрбие сағаттары, «Желідегі қауіптер мен қорғаныс туралы» ақпараттық минут, «Кітапханадағы қоңырау» көрме ұйымдастырылды. «Өлкетану» мұражайында танымдық кездесу өтті.

Жетінші бағыт – Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбиелеу бойынша келесідей іс-шаралар ұйымдастырылды: Тілдер мерекесіне арналған қабырға газетін шығару, Қазақстан халқы тілдері күніне арналған фестиваль, «Әуен сазын таны» ойын түрлері, «Профти-тайм» мамандықтар әлемінде блогерлермен кездесу, «Мектеп ұстаздың жүрегі» құттықтау бейне роликтері, «Қош келдің жаңа-2022жыл», «Неткен көркем, неткен әсем» көркем сөз оқу байқауы, «Сырғалым» қыз балалар клубы арасында «Қыздар, көктем гүлі» тақырыбында сайыс, Халықаралық әйелдер күніне орай «Сыйынар ем, Ана деген тәңірге» мерекелік кеші өтті.

Сегізінші бағыт – Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша қамтылған іс-шаралар тақырыптары: Дүниежүзілік жүректі сақтау күні аясында «Жүрек жалғыз», «Денсаулық фестивалі-2021» спорттық сайыс, «Бірінші байлық-денсаулық» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Біз ЖИТС-қа қарсымыз» 7-8 сыныптар арасында бейнероликтер байқауы, «Репродуктивті денсаулық сақтаудың маңыздылығы» саулық сағаттары, «Белсенді сабақ-сымбатты мүсін» кездесу, «Белсенділік –сауаттылық негізі» халықаралық денсаулық күніне арналған салауаттылық сағаттары, «Темекіден аулақ бол!» тақырыбында дөңгелек үстел, «Газдалған сусындар мен тәттілер әңгімесі» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында қойылым өткізілді. «Жігерлі ұлт» халықаралық отбасы күні аясында спорттық шаралар, «Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары» аранайы мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Нашақорлықтың, шылым шегудің, алкогольизмнің алдын алу бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, оған балалармен бірге педагогтар, ата-аналар белсене қатысып отырған. Отбасы мектеп арасында ынтымақтастықта жүйелі жұмыстар жүргізілген.

Тәрбие сағаттары бойынша жүргізілген жұмыстардың материалдары толық жинақталған.

Ұсыныстар:

-Тәрбие жұмыстары мектептің алқалы жиындарында, бірлестік отырыстарында талқылануы керек;

-Оқушылардың тәрбие деңгейін мониторинг, диаграммалар құру арқылы анықтау жұмыстарын жүргізу;

-Сынып жетекшілер жұмысында іс-тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыттары бойынша жинақталуы керек.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылындағы тәрбиелік жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру бағытында тәрбие жоспары құрылды.

Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, ҚР Білім мен ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. ҚР Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы облыстық білім басқармасының 19.08.2019 жылғы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2019-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасын басшылыққа алып 8 бағытта жасалды.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігі негізінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2021-2022 оқу жылында - 75 , 2022-2023 оқу жылында -78 , 2023-2024 оқу жылында - 82 білім алушылар «Жас Ұлан» қатарына қабылданған. «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымы

	Жас қыран	Жас Ұлан
2021-2022 оқу жылы	70	75
2022-2023 оқу жылы	75	78
2023-2024 оқу жылы	85	82

Сынып жетекшілер бірлестігі жұмысына талдау:

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі «Жаңа білім беру стандарттарына көшу және іске асыру жағдайында сынып жетекшінің тәрбие жүйесіндегі заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелері» тақырыбы бойынша жұмысын жалғастырды.

ӘБ келесі міндеттерді шешу бойынша жұмыс жүргізді:

1. Оқушылардың мәдени және құқықтық тәрбиеге деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін білім беру процесіне заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін енгізу;
2. Сынып жетекшісіне сыныптың тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруде көмек көрсету;
3. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қызметті ұйымдастыру;
4. Білім беру процесінде денсаулық сақтау технологияларын, балаларды сауықтырудың әдістерін қолдану;
5. Сынып жетекшілерді әдістемелік, тәжірибелік-педагогикалық қызметке баулу;
6. Ата-аналар қауымының қызықты тәжірибесін зерттеу және жалпылау;
7. Сынып жетекшілердің педагогикалық шеберлігін арттыру.

Әдістемелік бірлестікке 42 сынып жетекшілері кіреді, оның ішінде: 14 бастауыш сыныптар (1-4 сынып), 22 орта буын (5-9 сынып), 6 жоғарғы сыныптар (10-11 сыныптар);

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Оқу жылдары	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2021-2022 оқу жылы	45	42	3
2022-2023 оқу жылы	42	40	2
2023-2024 оқу жылы	42	40	2

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Оқу жылдары	Педагог	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
2021-2022 оқу жылы	4	14	14	12	1
2022-2023 оқу жылы	-	13	17	11	1
2023-2024 оқу жылы	2	12	12	12	-

Оқу жылы барысында сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі бес отырыс өткізген:

- «Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлауға қойылатын негізгі талаптар»
- «Жасөспірімдер ортасындағы дағдарыстық жағдайлар. Жасөспірімдер арасындағы суицидті ескерту және алдын алу»
- Семинар-практикум «Сынып жетекшінің ата-аналармен жұмысы»
- «Жазғы демалысты ұйымдастыру. Әдістемелік бірлестіктің жұмысын талдау».

Сынып жетекшілері өз жұмысында балаларды ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әңгіме, дөңгелек үстелдер, сынып сағаттары, тренингтер, т.б. қолданды. Сынып жетекшілері тәрбие

Ұсыныс: Сынып жетекшілері мен мұғалімдердің күш-жігерін екінші топқа жататын оқушыларды көбейтуге бағыттау керек, өйткені ол бүкіл ұжымның жалпы білім деңгейін сипаттайды. Әсіресе, тәртіптілік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік және қамқорлық сияқты қасиеттерді тәрбиелеу бойынша жұмыс істеу қажет.

2021-2022 оқу жылы

Іс-шара	Айлар									
	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Барлығы
Мерекелік іс-шара	1	2	1	2	1	-	3	1	2	13
Сынып сағаты	180	180	180	180	180	180	180	180	180	1620
Кездесулер	2	1	-	1	-	2	1	1	1	9
Фестиваль	1	-	-	-	-	-	-	-	1	2
Жарыс	2	1	1	2	1	2	4	2	2	17
Көрме	-	1	1	1	-	-	2	1	-	6
Акция	3	1	1	1	-	-	1	1	1	9
Жиналыс	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9
Эссе жазу	2	-	-	1	-	-	2	1	1	7
Челлендж	1	1	-	-	-	-	1	-	-	3
Байқауға қатысу	1	-	-	1	-	1	2	-	2	7
Жоба	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9
Поэзия кеші	1	1	-	1	-	-	2	-	1	6
	196	190	186	192	184	187	200	189	193	1717

2022-2023 оқу жылы

[illegible]

Кездесулер	2	1	-	1	-	2	1	1	1	9
Фестиваль	1	-	-	-	-	-	-	-	1	2
Жарыс	2	1	1	2	1	2	4	2	2	17
Көрме	-	1	1	1	-	-	2	1	-	6
Акция	3	1	1	1	-	-	1	1	1	9
Жиналыс	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9
Эссе жазу	2	-	-	1	-	-	2	1	1	7
Челлендж	1	1	-	-	-	-	1	-	-	3
Байқауға қатысу	1	-	-	1	-	1	2	-	2	7
Жоба	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9
Поэзия кеші	1	1	-	1	-	-	2	-	1	6
	196	190	186	192	184	187	195	189	194	1717

2022-2023 оқу жылына жоспарланған іс-шаралар

Тәрбие бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Білім алушылар бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім, тұлғалық еркіндік құндылығын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, балалар мен жастар арасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру, агрессияға жол бермеу, еңбекті құрметтеу, өмірге деген құрмет сезімін, түрлі кемсітушілікке жол бермеу, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тұлғаның саяси принципін қалыптастыру мақсатында іс-шаралар өткізілді.

Қамтылған іс-шаралардың өткізілу түрлері мен формасы: әңгімелер, лекциялар, семинарлар, тренингтер, экскурсиялар, құқықтық ақпараттық материалдарды тарату, тілдік фестивальдер, конкурстар, көркемөнерпаздар байқауы, пікірталас, акциялар.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
1 қыркүйек білімс күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм»	Сынып сағаттары
«Қоғамға жат мінез-құлықтан ба тарт»	акция
«Қарты бар үйдің, қазынасы бар» қарттар күніне арналған іс-шара	кездесу
«Тәртіп-тәрбие бастауы, тәртіпсіздік-өміріңнің қас жауы»	Сынып сағаттары
«Қылмыс қайдан шығады?»	Кездесу
ҚР Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған фотосуреттер челленджі	Челлендж
Тұңғыш Президент күніне арналған «Халықтың ұлы перзенті»	Сынып сағаттары
16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай өтетін «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау	Салтанатты жиын
«Жастарға құқықтық тәрбие беру-жаңа қазақстандық азамат қалыптастырудың алғы шарттарының бірі» арнайы мамандармен кездесу	Кездесу
«Әдепті адам-әдемі адам»	Сынып сағаттары
«Тарих тағылымы» музейге саяхат	Саяхат
Ұлы Жеңіс күніне арналған «Жауынгерлік әндер» байқауы	Байқау

Тәрбие бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Білім алушылардың «Рухани жаңғыру» құндылық негіздерін, рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлері рухани және интеллектуалды даму құралы ретінде оқытуға қатыстыру, қазіргі заманауи танымал идеяларды, әлемдік экономикалық және

әлеуметтік ой-өрістердегі үрдістерді зерттеуге қатысуын ықпал ету мақсатында іс-шаралар өткізілді.

Қамтылған іс-шаралардың өткізілу түрлері мен формасы: танымдық тақырыпта сынып сағаттар, дәрістер, әңгімелесулер, конференциялар, әдеби пікірталастар, қайырымдылық акциялар, еріктілер отрядының жұмысы, театрларға, мұражайларға саяхат.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
«Оқуға құштар мектеп» жобасы	Кітап оқу
«А.Байтұрсынұлы – ұлт жанашыры»	Әдеби кеш
«Қазақ ән әлемінің падишасы – Роза Бағлановаға 100 жыл»	Музыкалық композиция
«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы	Акция
«Қыз балаларға өнегелі тәрбие беру жолдары»	Кездесу
«Ұстаз-мектептің жүрегі»	Мерекелік кеш
«Сыбайлас жемқорлық-қоғамға қиянат»	Кездесу
«Дін-қоғам өмірінде»	Сынып сағаттары
«Ана-мәңгілік шуақ» 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған шара	Мерекелік кеш
«Сыңғырла, күміс қоңырау»	Салтанатты жиын
«Мен бақытты баламын!» 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған шара	Мерекелік концерт

Тәрбие бағыты: Ұлттық тәрбие

Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау. Бұл бағытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Ата-аналар мектебі» жобасы, «Дәстүр мен ғұрып» жобалары аясында сынып сағаттары, апталықтар, кездесулер, ұлттық ойындар өткізілді.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша ата-аналар оқушылармен әр бейсенбі әдеби іс-шаралар	Кітап оқу
«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»	Сынып сағаттары
«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан»	Апталық
«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» «Ата аналар мектебі» аясында шара	Сайыс
«Қош келдің, әз-Наурыз!»	Мерекелік шара
«Ұлттық теңге-мақтанышымыз»	Сынып сағаттары
«Ұлттық ойындар –халық мұрасы» презентация байқауы (6-7 сыныптар)	Байқау
«Достықта шекара жоқ»	фестиваль

Тәрбие бағыты: Отбасылық тәрбие

Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар жоспарланды.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
«Қарттарын қадірлеген- ел ардақты»	Қайырымдылық акциясы
«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі»	Семинар
«Ата-ана мен баланың өткізген бір күні»	Видеороликтер жариялау
«Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы»	жиналыс
«Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны»	Кездесу
«Ата-ана бақыты - бала» ерекше жағдайдағы оқушылар ата-аналарымен тренинг	Тренинг
«Менің жанұям»	Семинар сабақ
«Сырғалым, сырласым» жеңгелер мен қайын сіңділер сайысы	Сайыс

Тәрбие бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру, экологиялық проблемаларды жетілдіру, баламалы энергияны пайдалануды танымал ету, қызмет орнында көздеген мақсаттарына жету, экономикалық және экологиялық даму саласындағы мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда, «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру, өсімдіктерге, экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, айналадағы адамдар және өзіне құрметпен қарау, экологиялық қауіпсіз мінез-құлық нормаларын, қоршаған ортаны құрметтеу мақсатында іс-шаралар өткізілді. Қамтылған іс-шаралардың өткізілу түрлері мен формасы: жобалар, шеберлік-сынып, қолөнершілер фестивалі, конкурстар.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
«Еңбек-елдің мұраты!»	жәрмеңке
«Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға!» мамандық таңдауға байланысты шара	Кездесу
«Туған жерге тағзым» түлектермен кездесу	Кездесу
«Әке көрген оқ жонар» әкелер мен ер балалар арасында шебер класс	Шебер класс
«Тазалық-табалдырықтан басталады»	Сенбілік

Тәрбие бағыты: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Білім алушылардың жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, тілді және музыканы, әдебиетті сақтау және тарату, тілдік және сөйлеу мәдениеті, эстетикалық идеалға, көркем құндылықтарға, шығармашылық ойлау және елестету, көркем эстетикалық қызмет, құрмет көрсету қарым-қатынасын қалыптастыру, жалпыға ортақ адами құндылықтардың бірлігін анықтауға, мәдениет пен халықтардың алуан түрлілігіндегі бірлігін көруге қабілеттілігін дамытуға ықпал жасауға мақсатында іс-шаралар өткізілді. Қамтылған іс-шаралардың өткізілу түрлері мен формасы: үйірмелер, әдеби клубтар, экскурсиялар, көркемөнер көрмелері, галереялар, шығармашылық кештер, халықтар достығының фестивальдер, кездесулер.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
«Арайлы Алтын күз!»	Сайыс
«Алтын күз базарлығы»	Көрме
«Мектебімді сағындым» сурет байқауы	Байқау
«Қош келдің, Жаңа жыл!» жаңа жылдық шаралар	Мерекелік кеш
«Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан»	Тренинг

Тәрбие бағыты: Зияткерлік тәрбие

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ, ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру бойынша іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, мерекелік кештер, сынып сағаттары жоспар бойынша өткізілді.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
«Қауіпсіз интернет»	Жиналыс
«Берекелі, мерекелі Алтын күз!»	Көрме
«Білім көкжиегіндегі жаңа мүмкіндіктер»	Дебат
«Күз ханшайымы мен ханзадасы»	Байқау
«Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік»	Сынып сағаттары

кибермәдениет мәселесі»	
«Жаңа жылдық мүсіндер» қардан мүсін жасау	Мүсіндер жасау

Тәрбие бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру, табиғи алғышарттарды ұтымды пайдалану, денсаулықты сақтау мен нығайту, қауіпсіз және жауапкершілікті сезіну, жаңа өмірлік жағдайларға сабырлы болу, қауіпсіздік пен тіршілік әрекетін қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын насихаттау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру мақсатында іс-шаралар өткізілді. Қамтылған іс-шаралардың өткізілу түрлері мен формасы: дене шынықтыру сабақтары, семинар-тренингтер, денсаулық фестивальдары, спартакиадалар, спорттық іс-шаралар.

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
«Шынықсаң шымыр боларсың» каникул кезіндегі спорттық шаралар	Фестиваль
«Әкелер» клубының жоспарына сәйкес «Әке мен бала» спорттық шарасы	Эстафеталық жарыс
«Жеке бастың гигиенасын қалыптастыру» дәрігермен сұхбат	Кездесу
«Дұрыс тамақтану туралы не білеміз?»	Дөңгелек үстел
«Нашақорлыққа жол жоқ!»	Шығарма жазу
«Біз зиянды заттарға қарсымыз!»	Сурет көрмесі
Халықаралық ЖҚТБ індетіне қарсы күрес күніне арналған спорттық шара	волейбол
«Ата-анам және мен»	Сайыс
«Салауатты өмір салтын қалыптастыру денсаулық кепілі»	Кездесу
«Көңілді мәре»	Сайыс
«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз!»	лагерь

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы жаңашаландырылып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмыстары жоспарланды. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім. Ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Аталған мақсат пен міндеттер арқылы қалыптастыру мақсатында ұлттық құндылықтарға негізделген біртұтас тәрбие бағдарламасына негізделген тәрбие жоспары құрылған.

2023 жыл қыркүйек айында өткізілген шаралар:

Ұлттық мүдде (Отан) құндылығы бойынша: 1 қыркүйек – Білім күні «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын, 5 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күні және А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Ұлттық рухтың ұлы тіні» атты онкүндігі аясында лингвистикалық сайыс, «А.Байтұрсынұлы-қазақ халқының рухани көсемі» тақырыбында аналар мектебінің қатысуымен сахналық қойылым, «А.Байтұрсынұлы – әліпбидің алтын белдеуі» тақырыбында сынып сағаттары, «Тілім-өмір тірегі» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлау өткізілді.

Талап құндылығы бойынша: «Жолда жүру ережесін сақтайық!» атты патрульдік полиция қызметкерлерінің қатысуымен сынып сағаттары, «Мектептегі өрт қауіпсіздігі ережелері және өрт дабылы кезіндегі іс-әрекеттер мен эвакуация» тақырыбында практикалық сабақтар, «9 айға 9 іс шара» жобасы аясында «Дене сергіту» челленджі өткізілді.

Ар-ұят құндылығы бойынша: «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасым менің тірегім» атты эстафеталық жарыс, «Отбасым-бақыт мекенім» атты сынып сағаттары, «Менің бақытты отбасым» фотокөрмесі, «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында «Интернет қауіпсіздігі жобасы» аясында ата-аналар жиналысы, зорлық-зомбылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында «Сырғалым» қыз балалар клубының ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі-халық байлығы» тақырыбында кездесу, «Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» атты эссе жазу байқауы ұйымдастырылды.

Қазан айы – Алаш азаматтарын ұлықтау айы.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Атам айтқан нақыл сөз» еріктілердің қарт кісілерге көмек көрсетуі, қарттар күніне орай «Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» атты ардагер ұстаздармен кездесу, бастауыш сыныптарға арналған «SABANTOY fest» күзгі фестивалі, жоғары сынып оқушыларына «Күзгі ретро бал» сайысы ұйымдастырылып, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыру, қоғам игілігі үшін қызмет ету, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары меңгерілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Діни сауаттылық-адаспаудың айғағы» тақырыбында мамандармен кездесу, «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Балалықтан даналыққа» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Таңғы шұғыла», «Дублер» күнін ұйымдастыру, «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік кеш, Республика күніне арналған «Менің елім-Қазақстан» кітап көрмесі, спорттық шаралар, «Табиғатты аяла, сәнін оның бағала» сурет байқауы, «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында Гимн айту челленджі, «Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы аясында «Ақындар айтысы» айтыс ақынымен кездесу ұйымдастырылып, «Ар-ұят, Талап, Ұлттық мүдде» құндылықтарын меңгерту мақсатында жұмыстар атқарылды.

Қараша айы – Поэзия айы.

Өзін отбасының, сыныптың, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылықтарын насихаттау мақсатында «Әке-асқар тау, ана-бұлақ, бала-жағасындағы құрақ» тақырыбында тәрбие сағаттары, адал еңбекті құрметтеу мақсатында «Адалдық дүкені: адалдыққа баулу, санаға сәуле» «Адалдық» дүкендерінде адал сауда жасай білу өркениеттілігі туралы іс-шара, «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында ұлттық ойын тоғызқұмалақтан сайыстар, «Тоғызқұмалақты оңай үйрену жолдары» тақырыбында шеберлік сабақтары өткізілді. «Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы шеңберінде мектеп оқушылары «Алтын сақа» республикалық челленджіне қатысты. Күзгі деиалыс кезінде оқушылардың бойында дұрыс қарым-қатынас орната білу, халқына адал қызмет ету құндылықтарын сіңіру мақсатында «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз», қалалық дебат клубтары арасында жолдастық кездесу ұйымдастырылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтары жоспарға сай өз деңгейінде өткізілді.

Желтоқсан – «Қазақстан-ұлы дала елі».

Ел тәуелсіздігінің 32 жылдығына арналған біршама іс-шаралар атқарылды. «Тәуелсіздік тұғырым» сынып сағаттары, «Ұлы тарих-кемел келешекке жетелейді» интеллектуалды сайысы, «Елімнің бақытын тербеткен-Тәуелсіздік» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. «Балалар және театр» жобасы аясында Ә.Нұршайықовтың «Махаббат

қызық мол жылдар» романынан үзінді сахналық қойылым ретінде ұсынылды. «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Алтын сақа» олимпиадасы, үзілістерде асық ойыны ұйымдастырылды. Жаңа жылдық іс-шаралар мен «Төрлет, жаңа жыл!» ертеңгіліктері өтті.

Қаңтар – «Ұлттық код» айы.

Қаңтар айының жоспарына сәйкес «Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алаяқтықтың алдын алу» бойынша түсіндіру жұмыстары, «Буллинг пен суицидтің алдын алу», «Қызылшаның алдын алу бойынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау деапартаментінің мамандарымен кездесу», «Шылым шегудің денсаулыққа зияны» дәрігерлерден кеңес, «Жат ағым жетегінен сақтану» теологпен, «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша дәрігермен кездесулер мен жиналыстар өткізілді. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау сабақтары, жиналыстар, кезекшіліктер ұйымдастырылды. «9 айға 9 іс-шара» жобасы бойынша «Қазақ есебі» челленджі өтті.

Ақпан – оқуға құштарлық айы.

Ұлттық мәдениетті дәріптеу, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Мақал және Абайдың қарасөздері» тақырыбында дөңгелек үстел, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және сандық сауаттылығын қамтамасыз ету, кибербуллинг туралы ескерту жұмыстары жүргізілді. «Сен және Заң» бағыттары бойынша жас ерекшеліктеріне байланысты құқықтық оқыту сағаттары өткізілген болатын. Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, отбасының, өз ортасының абыройын асыру құндылықтары бойынша «Үйрен жақсы әдеттен, жирен жаман қадамнан» атты сынып сағаттары жүргізілді. Сонымен қатар ұлттық ойындар күні «Айбын» жастар сілеті өтті. Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтары негізге алынды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жыл басында мектеп оқушылары оқуға тиіс шығармалар тізімі жасақталып, жоспар бойынша әртүрлі іс-шаралар өткізілді.

Наурыз - Ұлттық салт-дәстүрлі дәріптеу айы.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Бәрі де ана бір өзіңнен басталады» тақырыбында мерекелік кеш, «Сырласайық, сырғалым!» жеңгелер мен қыздар арасында сайыс өткізілді. Шараның басты мақсаты отбасының, өз ортасының абыройын асыру, дұрыс қарым-қатынас орната білуді көздеді. «Мен және таза табиғат», «Туған жерімнің тазалығы-менің адами келбетім» тақырыптарында табиғатты аялау, оқушыларға адал еңбекті құрметтеу, қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылықтарын сіңіру бойынша іс-шаралар жоспарланды. Ізгіліктің бір ісі - Алғыс айту күніне орай «Жауқазын» сахналық қойылымдар сайысы өтті. Биылғы оқу жылында 14-23 наурыз аралығында Наурызнама онкүндігі жарияланып, ән күні белгілі бір тақырыптарға арнап өткізілді. 14 наурыз – «Көрісу күні» мектеп фойесінде ағаш үй құрылып, қоңырауларда «Көрісу күні-Амал мерекесі» тақырыбында шаралар өтті, 15 наурыз – «Қайырымдылық күні», «Арын еріктілері» еріктілер клубының оқушылары қайырымдылық акциясына қатысып, қарт кісілер мен суыққа қарамай қызмет етіп жүрген тұрғындарға көмек қолын созды. 16 наурыз – «Мәдениет пен ұлттық салт-дәстүр күні» халықтың кең тараған салт-дәстүрлерінен сахналық қойылымдар көрсетті. 17 наурыз – «Шаңырақ күні», «Ата-аналар» мектебімен бірлесе отыра бірнеше жыл отау құрған үлгілі отбасылар насихатталып, мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды. 18 наурыз – «Ұлттық киім күні». Жалпы биылғы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектепте аптаның әр жұмасы «Ұлттық киім күні» деп бекітіліп, оқушылар ұлттық нақышта киініп, ұлттық әшекейлерімізді тағып жүруді әдетке айналдырды. Ұлттық киім түрлерінен дефиле өткізілді. 19 наурыз – «Жаңару күні», бұл күні мектеп жылыжайында оқушылар түрлі өсімдіктерді егіп, мұғалімдер көмегімен тың ақпараттарға қанықты. 20 наурыз – «Ұлттық спорт күні». «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ, қол күресінен жарыстар өткізілді. 21 наурыз – «Бінтымақ күні» мектеп оқушыларының құттықтауы әлеуметтік желілерге жарияланды. 22 наурыз – «Жыл басы». Бұл күні «Ата-аналар» мектебінің, оқушылардың, ұстаздардың, ардагер ұстаздардың қатысуымен «Наурыз келді, жыл келді!» атты мерекелік концерт кең ауқымда

аталып өтті. 23 наурыз – «Тазару күні» мектепшілік экологиялық акция өткізіліп, тазалық жұмыстары жүргізілді. «Атадан-өсиет,анадан –қасиет», «Ерекшелерге ерекше жылылық» , «Жарқ ете қалсам», «Ұлттық өнер» тақырыптарында көрме, шебер кластар ұйымдастырылды. «9 айға 9 іс шара» жобасы негізінде қазақтың ұлттық аспабын өскелен ұрпаққа сынғырлаған үнін насихаттау мақсатында «Домбыра-рату» атты домбырашылар челенджі өтті. «Таным.Тағылым.Тәрбие» жұмыс бағыты бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старт» атты спорттық іс- шаралар өткізілді. Бұл шаралар арқылы оқушылардың бір-біріне, достарына,отбасы мүшелеріне қамқор болу,мейірімділік таныту,салауатты өмір салтын ұстану құндылықтарын бойына сіңіру көзделді.

Сәуір-экологиялық мәдениет айы.

«Ақ орамал» аналар клубы, «Сырғалым» қыздар клубының қатысуымен «Анам үйреткен ұлттық тағам», «Қазы-қарта,жал-жая,шұбат-қымыз» «Трендте-ұлттық тағамдардың заманауи үлгісі» тақырыптарында шебер кластар мен дөңгелек үстелдер өтті. Отбасы күніне орай «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім» , «Отбасымен қараған ортақ кино» атты шығарма байқауы, «Отбасы туралы сырлы сурет» сурет байқауы ұйымдастырылды. «Тиімді әрі пайдалы тамақтану» барысында мектеп медбикесі психологпен бірлесе отырып, «Дұрыс тамақтана білеміз бе?» , «Тез дайындалатын сусындар мен тағамдардың зияны», «Сымбатты болу- дұрыс тамақтана білуден басталады» атты сауалнамалар мен тест сұрақтары алынды. «Мұрагер» әкелер мектебі, «Аға қамқорлығы» ағалар мектебінің ұйымдастыруымен «Арын сұлтаны» байқауы ұйымдастырылды. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Қоқысты қайта өңдеу процесі», «Өрле, Қазақстан!», «Сөз қадірі-өз қадірің» тақырыптарында іс-шаралар ұйымдастырылды. Түрлі фестиваль, әдеби –танымдық кештер, кітапханаға саяхат жасау арқылы оқушыларға ұлттық мұраны ұқыпты қорғауды,ұлттық мәдениетті дәріптеу жұмыстары жүргізілді.

Мамыр – Бейбітшілік пен татулықтың айы.

1 мамыр – Бірлік күні 7 мамыр- Отан қорғаушылар күніне орай «Бүгінгі күннің батырлары» тақырыбында ашық сынып сағаттары өткізілді. «Кітапханаға саяхат» «Біздің отбасы оқыған шығарма» «көңілден шыққан кітап» секілді кітапханашылар ұйымдастыруымен мектепте шығармадан оқушылар арасында жарыстар өтті.Мектеп жанынан ашылған жылыжай үйірмесінің оқушылары мен биология пәні мұғалімдері бірлесе отырып гүл өсірудің шеберлік сағаттарын өткізіп оқушыларды қоғам игілігі үшін қызмет ету,адал еңбекті құрметтеу құндылықтары бойынша іс шаралар өткізілді.Мектепшілік шаралар бойынша 1 мамыр ұлттар достығы күніне байланысты «Ұлттар достығы»шеңберінде жоспарлы шаралар болып өтті.Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру,еңбекқорлыққа баулу бағытында 11 сынып оқушылары көшет отырғызу науқаны яғни «Жасыл мекен»челленджі ашып командамен жұмыс жасау құндылығын игеріп мектеп ауласында көшеттер отырғызу шараларын қолға алған болатын.Сонымен қатар тарих пәні мұғалімдері «Media-time» жұмыс бағыты бойынша қоғам игілігі үшін қызмет ету, адал еңбекті құрметтеу бағыттары бойынша «Туған өлекем» фестивалін өткізді.Жаздың шуақты күнімен қатар келген отбасы күні де назардан тыс қалған жоқ,дене шынықтыру мұғалімдері оқушылар арасында физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану бойынша спорттық тимбилдинг өткізді.

Аталған жылдар аралығында мектепте тәрбие жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттары жинақталған. Тәрбие бағытында жүргізілген жұмыстар және мақалалары мен ашық сабақтары жинақталған. Мектепшілік ғылыми-практикалық семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, «Ашық есік» күндері өткізілген. Нашарлыққа қарсы күрес мәдениет қалыптастыру мақсатында мектепшілік ұйым құрылған және жүргізілген іс-шаралар жинақталған. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру және тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасына сай бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар, мектеп оқушыларының пәндік үйірме, спорттық секцияларға оқушылардың қамтылуы, жолда жүру ережесін сақтау, салауатты өмір салты жұмыстарының жүргізілгені жоспардан көруге болады. Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы жұмыс жүргізілген. «Бірыңғай «Жас Ұлан»

балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі аясында мектепшілік «Жас ұлан» бірлестігі жұмыс атқарған.

Сынып жектешілер, психолог және әлеуметтік педагогтармен бірлесе отырып оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру, актілеу жұмысы жүргізілген. Сабаққа қатыспаған оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Кәмелет жасқа толмағандар арасында ІІБ есепке тіркелген балалар бар. Жасөспірімдер арасында жасалған бұзақылық, қылмыстық іс тіркелмеген.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Есепке алу түрлері	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	Есепке алынды	Есепке алынды	Есепке алынды
Мектепшілік бақылау	9	8	5
ІІБ есепте	1	2	3
Нарколог есебінде	-	-	-
“Қауіпті топ”	-	-	-
Сәтсіз отбасы	1	1	1
Дін жолында жүрген	1	1	2
Суицид фактілері	-	-	-

ҚОРЫТЫНДЫ: Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған

Қосымша №6: Тәрбие жоспары

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектепте спорттық, көркемдік-эстетикалық,дебаттық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынып, мектеп басшысымен бекітілген. Жүргізілген спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебаттық үйірмелер, секциялар және оған қатысқан оқушылар жетістіктері жинақталған.

Оқу жылдары	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%	Барлық (мектеп мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	%
2021-2022	292	28%	237	23%	529	51%
2022-2023	551	55%	245	24%	796	81%
2023-2024	801	79%	150	24%	951	94%

«Мектептің өзін-өзі басқару» - жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» сенбіліктерге қатысып, "Жеңіс туы желбіресін!" атты челлендж, 14-15 мамыр күндері туған өлкеге экскурсия жасаған, қарттар күніне орай ауыл қарттарын мерекемен құттықтап, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған “Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!” атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында ұйымдастырылған “Алтын жүрек” челленджіне қатысқан.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте «Ділмар» дебат клубы құрылып, жетекшісі Шамова А.Е. болып бекітілген. 2021-2022 оқу жылында "Ділмар" дебат клубының жылдық жоспарына сәйкес 8-10 сынып оқушылары арасында «Мектеп оқушыларында жауапкершілік бар ма?», «Табиғат және жаңа технологиялар», «Латын әліпбиі бізге керек пе?», «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» т.б. тақырыптарда дебат өткізілді. Оқушылар арасында сыни, креативті ойлау сияқты қасиеттерді дәріптеу мақсатында өткен шарада «Үкімет» және «Оппозиция» өз пікірлерін білдіріп, қарсы тараптардың ойларын тыңдады.

2022-2023 оқу жылдарында Республика күні қарсаңында "Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында дебат өткізілді. Оқушылар берілген қарарларды ашық алаңда талдай отырып, өз ойларын айқын жеткізе білді. Пікірсайыс Республика күнінің мерейін көтеріп, тәуелсіз Қазақ елінің сапалы спикерлерін шыңдау, дамыту мақсатында өтті. "Ділмар" дебат клубы "Мен және менің құқығым" тақырыбында пікірсайыс өткізді. Іс-шара құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру мақсатын көздеді. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігін түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйретуге бағытталды. Сонымен қатар, «Қазіргі жастар және дін», «Мектеп туризмін дамыту механизмі», «Адам қажеттіліктері экологиядан жоғары ма?» тақырыптарында пікірталастар өтті.

2023-2024 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тіл байлықтарын дамыту мақсатында «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші бөлімі талқыланды. 16-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай “Ділмар” дебат клубы “Тұғыры биік-Тәуелсіздік!” атты пікірсайыс өткізді. «Жастар кітап оқиды ма?», «Қазіргі жастар не үшін ата-анасын қарттар үйіне өткізеді?» т.б. тақырыптарда мектепшілік пікірталас турнирлері өтті. Қалалық дебат клубтары арасында достық қарым-қатынас орнату, тәжірибе алмасу мақсатында «Алаш Орда» дебат клубымен жолдастық кездесу өткізілді.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 2 жыл қатарынан «Тәрбие кілтін қашаған ұстаз – М.Арын», «Тәрбие деген тәңір бар» тақырыптарында қалалық дебат турнирі ұйымдастырылып, «Арын кубогі» сарапқа салынды. Қала мектептерінен 2022-2023 оқу жылында 80 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 40 оқушы қатысып, оқушылар үшін қызықты дода өткізілді. "Ділмар" дебат клубында 35 оқушы қамтылған, оның ішінде Мамажонов Дастанбек, Қоянбай Сабина, Өтесін Бағлан, Өмірбек Кәусар, Серікбаева Нұрай сынды оқушылар бірнеше мәрте қалалық, облыстық дебат турнирлерінде топ жарып, жеңімпаз атанған оқушылар.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасын жүзеге асыру мақсатында жылдық жоспары бекітіліп, іс-шаралар өткізілді. Жас ұрпақты көркем шығарма оқуға насихаттау арқылы парасатты, ұлтжанды азамат тәрбиелеу мақсатында 60 әдеби шығарманың тізімі жасалып, оқушыларға ұсынылды.

15 -қыркүйек күні Қазақтың классик ақыны Сырбай Мәуленовтың 100 жылдық мерейтойына орай “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында «100 шығарма» акциясын ұйымдастыру бойынша 11"А" класс оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, тың деректермен бөлісті.

Қазақтың көрнекті жазушысы, академигі, драматургы, ғалымы және қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл және автордың “Еңлік-Кебек” пьесасына 105 жыл толуына орай 10 “Б” сынып оқушылары пьесада үзінді қойды.

Қазақ әдебиеті мен журналистика саласында өшпес із қалдырған белгілі қаламгер Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына орай Ш.Мұртазаның “Интернат наны” әңгімесі желісінде 6 “Б” сынып оқушылары қойылым қойды. «Зар-заман ақындарының» көшін бастаған Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына орай 5"В" сынып оқушылары көрнекті ақын, елдік пен еркіндіктің жаршысы, азаттық жырының ақтаңгері Дулат Бабатайұлының жырларын, өлеңдерін жатқа оқыды. Сонымен қатар, ХҮІІІ ғасырдағы Қазақ хандығының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қаздауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл толуына орай 4 “в” сынып оқушылары “Қаз дауысты Қазыбектің Жоңғар ханы Қонтайжымен кездесуі” көрінісін қойды «Қазақстан – туған елім» тақырыбында 1 «в» сынып оқушылары Хамадинова Алтынай жетекшілігімен және 2 «б» сынып оқушылары Миркиясова Индира жетекшілігімен өз өнерлерін көрсетті. Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай «Шығанақ» романын оқып, талдау жұмыстарын жасады. 8 «в» сынып Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай «Қабеннің құбылысы» драмасын оқыды. А.Қойшыбаеваның жетекшілігімен драмадан үзінді қойды. Ақселеу Сейдімбектің туғанына 80 жыл толуына орай оқушылар ергетілерінен оқып, 3 «ә» сыныбы «Көріпкел шашты Әзиз» ертегісінен үзінді қойды. Сынып жетекшісі Г.Алипова ертегідегі кейіпкерлерге тоқталып, өмірмен байланыстыра білді. Әзілхан Нұршаиховтың туғанына 100 жыл толуына орай жазушының өмірі және шығармашылығымен 11 «ә» сыныбы танысып, «Махаббат қызық мол жылдар» шығармасын аса бір қызуғышылықпен оқыды. «Оқуға құштар мектеп» бұрышының алдында Ментайдың күнделігінен үзінділер оқыды, басты кейіпкер Ерболдың Ментайға арнаған өлеңдерінен оқыды. 11 «в» сынып оқушылары Дулат Исабековтың «Әпке» драмасын оқыды. Шығарма желісі бойынша талдау жұмыстарын жасап, шығармадағы кейіпкер іс-әрекетіне өз ойларын білдіріп, осы өмірмен байланыстыра білді. Қазақ әдебиетінің алып бәйтерегі атанған кемел жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтың туғанына 120 жыл толуына 9 “э” сынып оқушылары “Автобиографиялық әңгіме” туындысын оқып, шығарма желісімен көрініс қойды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ата-аналар арасында кітап оқу бәйгесі өтті. Сайысқа мектебіміздің 1-11 сынып ата-аналары арасынан 49 ата-ана қатысты. «Үздіктерді марапаттау кешінде» ата-аналар арасындағы кітап оқу бәйгесінде жүлделі орын алған және үздік нәтиже көрсетіп, байқау барысында белсенділік танытқан ата-аналар марапатталған.

«Даналық мектебі» жобасы. Аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу мақсатында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында «Ата-аналар мектебі» болып жұмыс жасаса, 2023-2024 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Даналық мектебі» жұмысын жалғастыруда. «Даналық мектебі» клубының жұмысын жүргізу үшін, жұмыс тобы құрылып, жоспары бекітілді. «Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет», «Ата көрген оқ жонар» тақырыбында сынып сағаттары, «Әжемнің ертегісін тыңдайын» бастауыш сыныптарда ертегі айту шарасы, «Алғысым шексіз» алғыс айту челленджі, «Ағасы бардың, жағасы бар» сыныптан тыс шаралар, «Ер жігітке жарасар, салауатты бейнесі» тақырыбында кездесу, «Қызым еркем, жеңгесімен көркем» сайыс, «Қыздар білуі тиіс...» кеңес беру сабақтары өткізілді.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Әлімжеттік жасау-әлсіздік», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, «Бала құқықтары туралы конвенция - мен оны білемін бе?»,

«Кішкентай баланың үлкен құқықтары», құқық білім беру сабақтары, “Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік” бірыңғай сынып сағаттары өткізілген.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары

«100 жаңа есім», « Ұлттық ойындар», "Ұлттық қолөнер - ұлы мұра","Қазақтың салт-дәстүрлері","Салтым-санам, Дәстүрім-дәулетім"сынып сағаттары, ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында "Ұлттық тағамдар", "Қазақтың ұлттық тағамдары" тақырыптарында сынып сағаттары, "Кесте тігу өнері", "Кестедегі ою-өрнек " тақырыптарында шебер класстар, «Әжемнің сандығы» сайыс, “Қазақтың ұлттық тағамдарының “фестивалі, Тұрмыс-тіршілікке байланысты салт-дәстүрлер", "Ою - өрнектер"," «Қазақ халқының аңшылық дәстүрі», “Қазақтың ұлттық ойындары”, "Ұлттық тағамдар", "Ұлттық қолөнер дәстүрі" ұйымдастырылған. «Еңбек – елдің мұраты»-жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемі»,“Мұндай да мамандық бар”, "Мен кәсіптер әлемінде",«Менің отбасымдағы мамандықтар», «Өмірлік жетістікке жету жолы», «Менің кәсіптік мансабым», «Менің таңдауым» тақырыптарында іс-шаралар ұйымдастырылған.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша 2023-2024 оқу жылында «Адал азамат-әділетті Қазақстан», «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін», «Ұлы дала перзентімін», «Менің бизнес идеяларым», «Оян, ар мен адалдық», «Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған үнемділік инноваторы», «Мен еріктімін», «Таным.Тағылым.Тәрбие», «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап», «Табысты тұлға», «Достық көмекпен мықты», «Табиғат тамашалары» тақырыптарында іс-шаралар жүргізілді.

«Ұлттық мектеп лигасы » жобасы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған «Дене тәрбиесі мен спортты дамыту» мемлекеттік бағдарламасының орындалуы аясында жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді. Футбол, волейбол, асық, бес асық, тоғызқұмалақ, баскетбол, үстел теннисі, дойбы, шахмат спорт түрлері бойынша мектепшілік біріншіліктер өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша «Толық адам», «Ұлы даланың ұлтаралық тілі», «Кітапқа жазылмаған тарих», «Қожа Ахмет Ясауидің хал хикмет ілімі», «Бес нәрсеге асық бол...», «Ел тірегі» , «Өнегелі өмір», «Тарих пен тіл тамырлас», «Көк тудың желбірегені», «Жеңісімді тәуелсіздікке арнаймын», «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» т.б. тақырыптарда дөңгелек үстел, сынып сағаттары, дебат, сыныптан тыс шаралар өткізілді.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары еріктілер тобы құрылған. Мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырылып, «Қарттарым-асыл қазынам» атты қарттар үйінде концерт өткізді. «Бала жылы» жоспарына сай әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға, қарттардың ауласының қарын тазартып, Ұлы Отан соғысы, еңбек-тыл ардагерлеріне , ардагер ұстаздарға көмектер көрсетілген.

«Сүйіспеншілікке толы жүрек» , “Мейірімділік - асыл қасиет” , “Мейірімді бала” тақырыптарында сүйіспеншілік, мейірімділік сабақтары өткізілген.

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. Азаматтығымыздың айбыны, азат күніміздің айдыны – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, **«ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗДІК!»** атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Шара барысында мектебіміздің «Самғау» театр клубы «Тарих іздері» атты қойылым қойды.

ҚОРЫТЫНДЫ: *білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру талапқа сәйкес жүргізілген.*

Қосымша №6: Тәрбие жоспары; №7 Сабақтан тыс қызмет

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 10-11 класс білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша бейінді оқыту жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылында 10 кластарында жаратылыстану - математика бағыты (20.08.2021ж. №415) бойынша вариативтік оқу жүктемесі -1 сағат құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға-3 сағат, «Абайтану», «Химия негіздері», «Компьютерлік графика». Қоғамдық – гуманитарлық бағыты бойынша вариативтік оқу жүктемесі -1 сағат құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға-7 сағат «Абайтану», «Жасушалық биология», «Компьютерлік графика», «Химия негіздері», «Күрделілігі жоғары физика есептерін шығару», «Тарихи кезеңдер», «Экономикалық география» таңдалынып оқытылды.

11 кластарында жаратылыстану- математика бағыты бойынша тереңдетілген деңгей бойынша 11а,ә кластарында физика және география пәндері, стандарттық деңгей 11ә класы «кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 11а класы «графика және жобалау» енгізілді. Қоғамдық – гуманитарлық бағыты тереңдетілген деңгей бойынша 11б дүние жүзі тарихы және құқық негіздері пәндері, стандарттық деңгей «кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «физика» енгізілді.

2022-2023 оқу жылында 10 кластарында жаратылыстану - математика бағыты (30.09.2022ж. №412) 10 а,ә кластар бойынша вариативтік оқу жүктемесі -1 сағатты құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға 2 сағат, «Абайтану», «Графика және жобалау», қоғамдық – гуманитарлық бағыты бойынша 10 Б класс вариативтік оқу жүктемесі - 1 сағат құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға - 2 сағат «Тарихи кезеңдер», «Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену» таңдалынып оқытылды.

11 кластарында жаратылыстану - математика бағыты (30.09.2022ж. №412) 11 а,ә,б кластар бойынша вариативтік оқу жүктемесі - 1 сағатты құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға 2 сағат, «Абайтану», «Әдеби шығармашылық жұмыс», қоғамдық – гуманитарлық бағыты бойынша 11 В класс вариативтік оқу жүктемесі -1 сағатты құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға-2 сағат: «Тарихи кезеңдер», «Евразия кеңістігіндегі көшпелілер мәдениеті» таңдалынып оқытылды.

2023-2024 оқу жылында 10 кластарында жаратылыстану - математика бағыты (08.11.2012ж. №500) 10 а,ә кластар бойынша вариативтік оқу жүктемесі -1 сағатты құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға 2 сағат, «Абайтану», «Тарихи кезеңдер», қоғамдық – гуманитарлық бағыты бойынша 10б класс вариативтік оқу жүктемесі -1 сағат құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға-2 сағат: «Абайтану», «Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену» таңдалынып оқытылды.

11 кластарында жаратылыстану - математика бағыты (08.11.2012ж. №500) 11 а,ә кластар бойынша вариативтік оқу жүктемесі -1 сағатты құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға 2 сағат, «Абайтану», «Әдеби шығармашылық жұмыс», қоғамдық – гуманитарлық бағыты бойынша 11б класс вариативтік оқу жүктемесі -1 сағат құрайды, Жаһандық құзыреттілік (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), элективті курстарға-2 сағат: «Тарихи кезеңдер», «Абайтану» таңдалынып оқытылды.

ҚОРЫТЫНДЫ: 10-11 кластарды оқытуда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескерілген, бейінді оқытуды жүзеге асыру мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдау арқылы оқыту ұйымдастырылды.

Қосымша №5: Оқу жоспары; №9 Вариативтік компонент

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес, **2021-2022 оқу жылында 8 оқушыға инклюзивті білім берілді.**

- | | | |
|-------------------------|------------------|--------------|
| 1. Жаңажол Жандарбек | 1 «А» ПМПК №3796 | 12.07.2021ж. |
| 2. Жәдігер Нұрәділ | 2 «Ә» ПМПК №3675 | 11.06.2021ж. |
| 3. Тілектес Нұрсайд | 3 «Б» ПМПК №3734 | 24.06.2021ж. |
| 4. Айтбай Оразбай | 4 «А» ПМПК №3674 | 11.06.2021ж. |
| 5. Кенжебаева Дана | 8 «А» ПМПК №3677 | 11.06.2021ж. |
| 6. Амангельдина Назерке | 8 «В» ПМПК №3676 | 11.06.2021ж. |
| 7. Қалжанова Жарқынай | 9 «Ә» ПМПК №3439 | 29.04.2021ж. |
| 8. Әбдіразақов Жаннұр | 9 «В» ПМПК №3442 | 25.06.2021ж. |

Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес, жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалды.

ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес, **2022-2023 оқу жылында 6 оқушыға инклюзивті білім берілді:**

- | | | |
|------------------------|------------------|--------------|
| 1. Аман Рамазан | 2 «Б» ПМПК №5094 | 10.06.2022ж. |
| 2. Панабеков Бауыржан | 3 «Б» ПМПК №4397 | 17.08.2022ж. |
| 3. Қайыпбаев Асылжан | 3 «В» ПМПК №5095 | 10.06.2022ж. |
| 4. Жәмиев Қобыланды | 6 «Ә» ПМПК №5091 | 09.06.2022ж. |
| 5. Кенжебаева Дана | 9 «А» ПМПК №5088 | 09.06.2022ж. |
| 6. Амангелдина Назерке | 9 «В» ПМПК №5089 | 09.06.2022ж. |

Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалды.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және

әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалды.

ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес, **2023-2024 оқу жылында 7 оқушыға инклюзивті білім берілді:**

- | | | |
|-----------------------|------------------|--------------|
| 1. Аман Рамазан | 3 «Б» ПМПК №6379 | 19.04.2023ж. |
| 2. Панабеков Бауыржан | 4 «Б» ПМПК №4397 | 17.08.2022ж. |
| 3. Қайыпбаев Асылжан | 4 «В» ПМПК №6374 | 19.04.2023ж. |
| 4. Жәмиев Қобыланды | 7 «Ә» ПМПК №6373 | 19.04.2023ж. |
| 5. Жаңажол Жандарбек | 3 «А» ПМПК №6375 | 19.04.2023ж. |
| 6. Ерғали Нұр Рахман | 2 «Б» ПМПК №6951 | 28.08.2023ж. |
| 7. Мерғали Жанасыл | 2 «А» ПМПК №5665 | 13.10.2022ж. |

Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалды.

2021-2024 оқу жылдары мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс-тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырды.

Мектептің педагог-психологы Жасқали Нұржайна Кенжетайқызы, логопед Айжигитова Гүлсім Амангелдиевна Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген “Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына” сәйкес, психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы Нұрбаева Элвир ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алады. Ерекше жағдайда білім алуға қажеттілігі бар білім алушыларға сабақ беретін, пән мұғалімдерінің 58% біліктілік курсынан өткен.

Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған. Барлығы дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымында оқи алмайтын оқушыға бұйрық шығарылып, үйде ақысыз жеке оқыту ұйымдастырылды. Үйде жеке білім алатын білім алушылардың

ерекшелігін есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілді.

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылына денсаулығына байланысты 4 білім алушы үйден оқытылған.

Олар:

5ә класс оқушысы Жәмиев Қобыланды Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 25.08.2021 жылғы №716 ДКК қорытындысы, 7б класс оқушысы Мәмбетрзаева Салтанат Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 11.08.2021 жылғы №1415 ДКК қорытындысы, 9ә класс оқушысы Сматов Диас Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 18.08.2021 жылғы №705 ДКК қорытындысы, 10в сынып оқушысы Серғалиев Рүстем Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 03.09.2021 жылғы №750 ДКК қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылды.

2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығының 55,59-қосымшалары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» на сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылды. Оқушылардың ата-аналарымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілді. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 5ә класында 15 сағат, 7б класында 18 сағат, 9ә класында 19 сағат, 10в класында 19 сағат бөлініп жүктеме ретінде пән мұғалімдеріне жүктелді.

2022-2023 оқу жылы:

2022-2023 оқу жылына денсаулығына байланысты 3 білім алушы үйден оқытылды. Олар: 1в класс оқушысы Русланқызы Қырмызы Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 30.06.2022 жылғы №273 ДКК қорытындысы, 8б класс оқушысы Мәмбетрзаева Салтанат Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 21.07.2022 жылғы №2181 ДКК қорытындысы, 10ә класс оқушысы Сматов Диас Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 22.07.2022 жылғы №296 ДКК қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылды.

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің (2022 жылғы 30 тамыздағы № 412 бұйрығының) 53,55,57-қосымшалары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» на сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылды. Оқушылардың ата-аналарымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілді. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 1в класында 12,5 сағат, 8б класында 18 сағат, 10ә класында 19 сағат бөлініп жүктеме ретінде пән мұғалімдеріне берілді.

2023-2024 оқу жылы:

2023-2024 оқу жылына денсаулығына байланысты 4 білім алушы үйден оқытылды. Олар:

2в класс оқушысы Русланқызы Қырмызы Ақтөбе қалалық «№2 қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» КММ-нің дәрігерлік мекемесінің 19.04.2023 жылғы ПМПК-нің №6376 қорытындысы, 9б класс оқушысы Мәмбетрзаева Салтанат

Ақтөбе қалалық «№2 қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» КММ-нің дәрігерлік мекемесінің 24.04.2023 жылғы ПМПК-нің №6370 қорытындысы, 9ә класс оқушысы Асылбекқызы Айсұлу Ақтөбе қаласы «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 28.11.2023 жылғы №531 ДКК қорытындысы, 11ә класс оқушысы Сматов Диас Ақтөбе қалалық «Медикус орталығы» дәрігерлік мекемесінің 06.02.2024 жылғы №62 ДКК қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылды.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жоспарлары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 53 қосымшасы, 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 55-қосымшасы, 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 57 қосымшасы) «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» на сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылды. Оқушылардың ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілді. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 2в класында 14 сағат, 9ә класында 19 сағат, 9б класында 19 сағат, 11ә класында 19 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Мектептегі ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС стандарт талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 500 бұйрықтың өзгерістері мен толықтырулары бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (ЖББ ҮОЖ) сәйкес келеді.

Қосымша №8: Инклюзив оқыту.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталған. Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары (1-4 кл) Таңдауы бойынша сабақтар

1,2,3,4 сыныптарда аптасына 1 сағат «Логика және таным» балалардың логикалық әмбебап дағдыларын дамытуға жағдай жасауға ғылыми әрекеттер.

2 қазақ сыныпта аптасына 1 сағат «Мақалдар сандығы» оқушылардың қазақ тілі пәнінен алған білімдерін жетілдіре отырып, тіл байлықтарын, өз ойларын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту.

1-4 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» «Қозғалмалы ойындар» курс оқытылды. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен)

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары (5-9 кл) Азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып 5-9 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курс

ұсынылған.

кластар 0,5 сағаттан, 9 кластар 1 сағаттан.

кластарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» «Қозғалмалы ойындар» курс оқытылды. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен) 5,6 сыныптарда «Футбол», 7,8 сыныптарда «Баскетбол», 9 сыныптарда «Волейбол» жүргізілді.

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациясы қарастырылған:

7 сыныптарда оқу пәндері: «Алгебра», «География» және «Қазақ тілі»; 3 - сағат

8 сыныптарда оқу пәндері: «Алгебра», «География» және «Қазақ тілі»; 3 - сағат

9 сыныптарда оқу пәндері: «Алгебра», «География» және «Қазақ тілі»; 3 - сағат

5-9 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» курс бөлінген. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен)

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша жеке және топтық сабақтар сағаттары

Жалпы орта білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, білім алушылардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз етуге, кәсіби бағдар беруге, олардың бойында тұлғааралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталады.

10-11 сыныпта білім алушылармен, ата-аналармен бірге өткізілген отырыс шешіміне сәйкес жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары таңдап алынды.

Білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру үшін 10-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы оқытылады.

Жаратылыстану-математикалық бағыт 10а,ә, 11а,ә сыныптарында инварианттық оқу жүктемесі 32 сағаттан. Вариативтік компоненттен «Жаһандық құзіреттілік» курс аясында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 10а,ә, 11а,ә сыныптарында 1 сағаттан

«Тарихи кезеңдер» 10а,ә 1 сағаттан

«Абайтану» 10а,ә, 11а,ә сыныптарында 1 сағаттан

«Әдеби шығармашылық жұмыс» 11а,ә 1 сағаттан

қоғамдық-гуманитарлық бағыт 10б, 11б сыныптарында инварианттық оқу жүктемесі 31 сағаттан. Вариативтік компоненттен «Жаһандық құзіреттілік» курс аясында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 10б, 11б сыныптарында 1 сағаттан

«Абайтану» 10б,11б сыныптарында 1 сағаттан

«Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену» 10б сыныбында 1 сағат

«Тарихи кезеңдер» 11б сыныбында 1 сағат

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепшілік, аудандық, сыныптан тыс байқаулардан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, он-лайн форматындағы түрлі пәндік олимпиадаларға қатысудан алған марапаттаулары жинақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар ҰОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар,таңдау курстары, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар жүзеге асырылған.

Қосымша №9 Вариативтік компонент

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы төмендегі тәртіппен жүргізілген. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілген.

Курс мазмұны 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен кіріктіру арқылы қамтылған. «ӨҚН» курсы бойынша өткізілген тақырыптар мектеп журналына қай тақырыпта кіріктірілгені көрсетіліп жазылған.

1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде жүргізілуі:

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу пәнінің шеңберінде кіріктірілген оқу бағдарламасы мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық оқу курсы «Дүниетану» жоспарларында белгіленген, бекітілген. Тақырыптары таңдалып алынған.

2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік тақырыптық жоспары негізінде

ӨҚН кестесі 1- сынып

№	Дүниетану пәнінен сабақ тақырыбы	ӨҚН тақырыбы	мерзімі
1	Менің күн тәртібім	ӨҚН №1 Қауіпсіздік	13.09.
2	Бағдарлау дегеніміз не?	ӨҚН №2 Көше кездейсоқ жағдайларға толы	06.12.
3	Тәуелсіз Қазақстан	ӨҚН №3 Көше кездейсоқ жағдайларға толы	21.02.
4	Қайталау	ӨҚН №4 Судағы қауіпсіздік	20.03.
5	Біздің қажеттіліктеріміз бен мүмкіндіктеріміз	ӨҚН №5 Ғимараттағы қауіпсіздік	24.04.
6	Табиғат аясында өзінді қалай ұстау керек?	ӨҚН №6 Практикалық сабақ	22.05.

2 – сынып

№	Дүниетану пәнінен сабақ тақырыбы	ӨҚН тақырыбы	мерзімі
1.	Мен және қоғам	ӨҚН Қауіпсіздік	19.09.
2.	Қандай көлік түрлері бар?	ӨҚН От адамның досы және жауы	12.12.
3.	Қауіпсіздік ережелері	ӨҚН Табиғат	23.01.
4.	Адам өміріне ауа райының әсері	ӨҚН Су қоймасы	02.04.
5.	Адам өмірінде табиғат жағдайының алатын орны	ӨҚН Оқушылар тәртібінің Көшедегі және жолдағы ережесі	09.04.

6.	Менің көшем	ӨҚН Практикалық сабақ	23.04.
----	-------------	--------------------------	--------

3- сынып

№	Дүниетану пәнінен сабақ тақырыбы	ӨҚН тақырыбы	Мерзімі
1	Менің табиғи ортадағы қауіпсіздігім.	ӨҚН№1 Төтенше жағдай –бұл не?	18.09.
2	Спорт-денсаулық кепілі.	ӨҚН№2 Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту	20.11.
3	Менің қауіпсіздігім.	ӨҚН№3 Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі	15.01.
4	Қазақ хандығы қалай құрылды?	ӨҚН№4 Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі	19.02.
5	Отбасының берекесі бәрінен де қымбат.	ӨҚН№5 Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ	22.04.
6	Қазақстан халықтарының мейрамдары	ӨҚН№6 Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ	06.05.

4- сынып

№	Сабақтың тақырыбы	Өмір қауіпсіздік негіздері	Мерзімі
1	«Отбасының қоғам өміріндегі маңызы»	№1 Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту.	26.09
2	«Әр алуан тапсырмалар»	№2 Судағы қауіпсіздік	24.10
3	«Тарихи мұражайлар не үшін керек?»	№3 Жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі	28.11
4	«Әр алуан тапсырмалар»	№ 4 Сіз жолда жүру ережесін білесіз бе?	26.12
5	«Катаклизм кезіндегі менің қауіпсіздігім»	№5 Практикалық сабақ	23.01
6	«Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні»	№6 Практикалық сабақтар	20.02
7	«Қазақстанның білім берудегі жетістіктері»	№ 7 Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек	19.03
8	«Менің құқықтарым мен міндеттерім»	№8 Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынақтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек	16.04
9	«Қазақстанның әлем алдындағы бейнесі»	№9 Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік	14.05
10	«Әр алуан тапсырмалар»	№10 Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік	21.05

5-9-класстарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында:

1. Бөлім «Төтенше жағдайлардағы адам қауіпсіздігі және оларды қорғау»		
1.1. Оқушылар тәртібі қауіпсіздік шарттары		
№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1	Қала (ауыл) қауіп көзі ретінде	1
2	Апатты жағдайдағы тұрғын үйдегі төтенше жағдай	1
3	Көліктегі төтенше жағдай	1
4	Қылмыстық сипаттағы төтенше жағдай	1
5	Табиғаттағы төтенше жағдай	1
6	Климатографиялық жағдайдағы ауысым	1
2.Бөлім. «Медициналық білім негіздері және балалар денсаулығын қорғау»		
2.1. Медициналық білім негіздері және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету ережесі		
7	Күйіп қалғанда және қан кеткенде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері	1
8	Күйіп қалғанда және қан кеткенде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері	1
9	Табиғатта жағдайынан туындаған қиындықтарда алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі	1
10	Табиғатта жағдайынан туындаған қиындықтарда алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі	1
11	Жарақат алған да алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі	1
12	Жарақат алған да алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі	1
13	Әсері мықты улы заттардан уланғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері	1
2.1. Салауатты өмір салты негіздері		
14	Денсаулық және салауатты өмір салты туралы негізгі түсінік	1
15	Денсаулық және салауатты өмір салты туралы негізгі түсінік	1
	барлығы	15

6-

класс

№	Тақырыбы	Сағат саны
1-Бөлім «Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау»		
1.2.Оқшаулап шектелген төтенше жағдайда		
1	Адамның табиғатта өз бетінше өмір сүруі	1
2	Медициналық көмек көрсету жолдары	1
1.3 Халықты табиғи және техногендік төтенше жағдайлар салдарынан қорғау		
3	Жер сілкінісі	2
4	Жердің опырылуы мен сель, көшкіннің орын алуы	1
5	Дауыл, боран	1
2-бөлім «Медицина білімі негіздері және бала денсаулығын қорғау»		
6	Әсері мықты улы заттардан уланғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек көрсету.	1
7	Өртүрлі жарақат алу жағдайындағы алғашқы медициналық көмек	1
8	Жаппай жарақат алу кезіндегі алғашқы медициналық көмек	2

9	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	3
2.2. Салауатты өмір салты негіздері		
10	Денсаулық және салауатты өмір салты туралы жалпы түсінік.	2

7-

класс

№	Тақырыбы	Сағат саны
1-бөлім «Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау»		
1.3 Халықты табиғи және техногендік төтенше жағдайлар салдарынан қорғау		
1	Су тасқыны	1
2	Орман және дала өрті	1
3	Өндірістік апаттар және зілзала апаттар	2
4	Әсері мықты улы заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар.	2
2-бөлім «Медицина білім негіздері және бала денсаулығын қорғау»		
5	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	7
2.2. Салауатты өмір салты негіздері		
6	Салауатты өмір салты әдеттері туралы түсінік	2

8-

класс

№	Тақырыбы	Сағат саны
1-бөлім «Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау»		
1.3 Халықты табиғи және техногендік төтенше жағдайлар салдарынан қорғау		
1	Әсері мықты улы заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар.	4
2	Жарылыс және өрт	2
2-бөлім «Медицина білім негіздері және бала денсаулығын қорғау»		
3	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	3
4	Жұқпалы аурулардың алдын алу	2
2.2. Салауатты өмір салты негіздері		
5	Салауатты өмір салты әдеттері туралы түсінік	2
6	Жастардың денсаулығы және өмір сүру тұрпаты	2

9-

класс

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Радиоактивтік заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар	4
2	Гидродинамикалық апаттар	2
3	Мектеп жасындағы балалардың жарақат алуының және жарақат алған кездегі естен тануының алдын алу шаралары.	2
4	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	4
6	Жастардың денсаулығы және өмір сүру тұрпаты	3

10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсы аясында

10- сынып

№	Сабақ тақырыбы	Сағат
1	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы	1
2	Ядролық қару және оның сипаттамасы	1

3	Химиялық қару	1
4	Биологиялық (бактериологиялық) қару	1
5	Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары	1
6	Теріні қорғаудың жеке құралдары	1
7	Ұжымдық қорғану құралдары	1
8	Эвакуациялау және халықты шоғырландыру	1
9	Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі	1
10	Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері	1
11	Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек	1
12	Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек	1
барлығы		12

ҚОРЫТЫНДЫ: «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (МЖМБС) талаптарына сәйкес.

Қосымша №10: **ӨҚН;**

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

1-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сынып сағаттары есебінен сынып жетекшілердің оқытуымен қыркүйек айынан бастап жүргізілді. Өткізілген тақырыптар электронды журналға жазылды.

1-4 кластарда "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылған.

Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі сынып журналдарында берілген. «Күнделік.кз» электронды журналында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында бастауыш сыныптардың сынып сағатына қосылмағаны өзін-өзі аттестаттау барысында анықталып, акт жасалынды, ал 5-8 сыныптарда жолда жүру ережесі міндетті оқу курсы техникалық ақауларға байланысты қбб бөлімінен жүктеп алынбады. 2023-2024 оқу жылында қателіктермен жұмыс жасалынып, 1-4 сыныптарда сынып сағатына, 5-8 сыныптарда қбб қосымша бет арналып, жүргізілді.

«Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік- тақырыптық жоспарлары
Күнтізбелік тақырыптық жоспары негізінде ЖЖЕ 2023-2024 жж 1 сынып

р/т №	Сынып сағатының тақырыптары	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
1.	«Жолда жүру ережесін сақтайық!»	ЖЖЕ Көше күтпеген жағдайларға толы	1
2.	«Кітап-білім бұлағы»	ЖЖЕ Жаяу жүргінші өтпелері	1
3.	«Рәміздерге құрмет»	ЖЖЕ Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	«Анамызды аялайық!»	ЖЖЕ Автобустпен немесе троллейбуспен сапарға шығу	1
6.	«Табиғатты қорғайық»	ЖЖЕ Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.	1
9.	«Адамдық борышың»	ЖЖЕ Қорытынды сабақ	1

Күнтізбелік тақырыптық жоспары ЖЖЕ 2023-2024 жж 2- сынып

р/т №	Сынып сағатының тақырыптары	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
-------	-----------------------------	-------------------	------------

1.	«Адал азамат-әділетті Қазақстан»	ЖЖЕ Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	1 1
2.	«Ұлы дала перзентімін»	ЖЖЕ Реттелмейтін жол қиылыстары	

3.	«Тарих пен тіл тамырлас»	ЖЖЕ Реттеуші және оның белгілері	1
4.	«Адалдық-адамдықтың белгісі»	ЖЖЕ Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу	1
5.	«Өрле Қазақстан!»	ЖЖЕ Мектепке жол.(Сенің күнделікті бағытың)	1
6.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді»	ЖЖЕ Қорытынды сабақ	1

Күнтізбелік тақырыптық жоспары ЖЖЕ 2023-2024 жж 3- сынып

№	Сынып сағатының тақырыптары	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
1.	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	ЖЖЕ Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері	1
2.	«Қожа Ахмет Ясауидің хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл	ЖЖЕ Қай жерлерден жолдан өтуге болады?	1
3.	«Білекті мыңды жығады»	ЖЖЕ Жол жүру белгілері және таңбалары	1
4.	«Адалдық-адамдық белгісі»	ЖЖЕ Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек	1
5.	«Буллинг және оған қарсы тұру»	ЖЖЕ Сен-велосипедші	1
6.	«Ж.Аймауытовтың 135 жылдығы» «Жасыл мекен»	ЖЖЕ Қорытынды сабақ	1

Күнтізбелік тақырыптық жоспары ЖЖЕ 2023-2024 жж 4- сынып

№	Сынып сағатының тақырыптары	ЖЖЕ тақырыптары	Сағат саны
1	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	Жол жүру ережелерін білеміз бе?	1
2	«Адам қасиеттерінің қазынасы»	Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері	1
3	«Тарих пен тіл тамырлас»	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар.	1
4	«Адалдық-адамдықтың белгісі»	Темір жол өтпелері	1
5	«Ұлттық киім-ұрпаққа мұра»	Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.	1
6	«Ұлттар достастығы»	Қорытынды сабақ	1

5-8 кластарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған.

1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар бастауыш сыныптарда сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып , 5-8 сыныптарда электронды журналдың ҚББ жазылған.

«Жол қауіпсіздік ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік- тақырыптық жоспары
2023-2024 оқу жылындағы ЖЖЕ тәрбие сағатына кіріктірілген жоспары

Класс жетекшісі: Сабыр Лаура

5«Ә» класс

№	Тәрбие сағатының тақырыптары	ЖЖЕ тақырыбы	Мерзімі
1	«Сәлем, жаңа оқу жылы!»	Біздің қала (ауыл), аудан	06.09.

2	«Бір отбасы-бір кітап»	Жол таңбаларының белгіленуі.	18.10.
3	«Мен өз елімнің азаматымын»	Қосымша секциялары бар бағдарламдар.	29.11.
4	«Табиғат сенің өз үйің»	Жол реттеушісінің белгілері.	06.12
5	«Әдептілік-имандылық белгісі»	Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.	24.01.
6	«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»	Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.	21.02.
7	«Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту»	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа райының әсер етуі.	13.03.
8	«Ұлттық киім-ұрпаққа мұра»	Велосипедпен жүру.	17.04.
9	«Қоқысты қайта өңдеу процесі»	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ержелері.	24.04.
10	«Адамдық борыш ар үшін»	Қорытынды сабақ.	15.05.

2023-2024 оқу жылындағы ЖЖЕ тәрбие сағатына кіріктірілген жоспары

Класс жетекшісі: Абишева Гүлнұр

6«Б»класс

№	Тәрбие сағатының тақырыптары	ЖЖЕ тақырыбы	Мерзімі
1	«Сәлем, жаңа оқу жылы!»	Жол жүру ережелері (қайталау).	11.09.
2	«Ұлы дала перзентімін»	Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	09.10.
3	«Ұлы дала перзентімін»	Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	06.11.
4	«Оян, ар мен адалдық!»	Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	04.12.
5	«Парасаттылық туралы»	Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	22.01.
6	«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	19.02.
7	«Алғыс айту парызым!»	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.	04.03.
8	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»	Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".	08.04.
9	«12 сәуір – Ғылым күні. Ғарыш-келешектің кемелді жолы»	Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу.	15.04.
10	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»	Қорытынды сабақ.	20.05.

2023-2024 оқу жылындағы ЖЖЕ тәрбие сағатына кіріктірілген жоспары.

7 «А» класс

Класс жетекшісі: Сауанаева Айжан

№	Тәрбие сағатының тақырыптары	ЖЖЕ тақырыбы	Мерзімі
1	«Экологиялық калейдоскоп»	Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.	28.09.
2	«Ұлы дала перзентімін»	Көлік құралдарын пайдалану ережелері.	12.10.
3	«Мың алғыс»	Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.	30.11.
4	«Мен -еріктімін»	Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.	21.12.
5	«Парасаттылық туралы»	Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.	18.01.
6	«Тарихқа тағзым»	Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.	22.02.
7	«1 наурыз – Алғыс айту күні «Ізгіліктің»»	Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы.	07.03.
8	«Достық көмекпен мықты»	Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.	04.04.
9	«Ұлттық киім-ұрпаққа мұра»	Велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері.	18.04.
10	«Білімім Отаныма»	Қорытынды сабақ.	23.05.

2023-2024 оқу жылындағы ЖЖЕ тәрбие сағатына кіріктірілген жоспары.

8

«А» класс

Класс жетекшісі: Абилова Гүлзира

№	Тәрбие сағатының тақырыптары	ЖЖЕ тақырыбы	Мерзімі
1	«Отбасы күніне арналған видеоролик»	Жол жүру ережесінің пайда болу. Жол белгілерінің халықаралық тілі.	20.09.
2	«Ұлы дала перзенті»	Қозғалысты реттеу нысандары.	18.10.
3	«Мүмкіншілікті жіберіп алма»	Жол белгілері.	15.11.
4	«Үнемі оқитын адам, табысты адам»	Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.	20.12.
5	«Парасаттылық туралы»	Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.	17.01.
6	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.	14.02.
7	«Табысты тұлға»	Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек.	20.03.
8	«Менің көңіл күйім жаттығуы»	Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек.	10.04.
9	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану»	Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.	24.04.
10	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»	Қорытынды сабақ	22.05.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2023-2024 оқу жылдарында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс

уақытта жүргізілген, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылып отырған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мектеп директорымен бекітілген. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші кластан бастап 8- класс аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізген.

Қосымша №11: ЖЖЕ

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттар:

білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі мен сақталуы;

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1-сыныпта – 22,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 27 сағаттан, 4-сыныпта – 27 сағаттан, яғни бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 27 сағаттан аспайды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 10 -сыныптар – апталық 37 сағат, 11-сыныпта – апталық 39 сағаттан аспайды. Бекітілген оқу жұмыс жоспары негізінде құрылған сабақ кестесіндегі сыныптардың ең жоғарғы көлемі барлық деңгей бойынша сақталған. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі әр сыныпта нақты сақталғанын электронды журналдың толтыруынан байқалады. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта – 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 26 сағаттан, яғни бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 26 сағаттан аспайды.

Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта–34 сағаттан. Жалпы орта білім беруде жаратылыстану-математикалық бағыт 10-11 сыныптарда 35 сағатта, қоғамдық-гуманитарлық бағыт 10-11 сыныптарда 34 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылында зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта – 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта–34 сағаттан, жалпы орта білім беруде жаратылыстану-математикалық бағыт 10-11 сыныптарда 35 сағаттан, қоғамдық-гуманитарлық бағыт 10-11 сыныптарда 34 сағаттан, жалпы орта білім беруде 35 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

Бекітілген оқу жұмыс жоспары негізінде құрылған сабақ кестесіндегі сыныптардың ең жоғарғы көлемі барлық деңгей бойынша сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2021-2022, 2022-2023.2023-2024 оқу жылдарындағы бекітілген

оқу жұмыс жоспарларында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі барлық деңгей бойынша сақталған.

Қосымша №3: Тарификация, штат кестесі

Инвариантты вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компоненттерінің құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің сондай-ақ ҰОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес, инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкес.

Оқу жылдары жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелері сәйкесінше жасалып бекітілді. Сабақ кестелеріндегі оқу пәндері жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалды.

Сынып журналдарын электронды журналдарды тексерілді, оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестесінде пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталған. Барлығы типтік үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған.

2021-2022 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – 22,5 сағат, жылдық 742,5 сағат, 2-сыныпта – 24 сағат, жылдық 816 сағат, 3-сыныпта – 27 сағат, жылдық 918 сағат, 4-сыныпта – 27 сағат, жылдық 918 сағат құрайды.

5-сыныпта – 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 6-сыныпта – 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 7-сыныпта – 34 сағат, жылдық 1156 сағат, 8-сыныпта – 35 сағат, жылдық 1190 сағат, 9-сыныпта – 36 сағат, жылдық 1224 сағат құрайды.

10-сыныпта – апталық 37 сағат, жылдық 1258 сағат, 11-сыныпта – апталық 39 сағат, жылдық 1326 сағат құрайды.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – 19,5 сағат, жылдық 686,5 сағат, 2-сыныпта – 24 сағат, жылдық 840 сағат, 3-сыныпта – 26 сағат, жылдық 936 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат, жылдық 936 сағат құрайды. 5-сыныпта – 28,5 сағат, жылдық 1026 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, жылдық 1026 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, жылдық 1134 сағат, 8-сыныпта – 32,5 сағат, жылдық 1170 сағат, 9-сыныпта – 34 сағат, жылдық 1224 сағат құрайды. жаратылыстану-математикалық бағыт 10-сынып 35 сағат, жылдық 1260 сағат, 11-сынып 35 сағат, жылдық 1260 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағыт 10-сынып 34 сағат, жылдық 1224 сағат, 11-сынып 34 сағат, жылдық 1224 сағат құрайды.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – 19,5 сағат, жылдық 643,5 сағат, 2-сыныпта – 24 сағат, жылдық 816 сағат, 3-сыныпта – 26 сағат, жылдық 884 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат, 884 сағат құрайды. 5-сыныпта – 28,5 сағат, жылдық 969 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, жылдық 969 сағат, 7-сыныпта – 32,5 сағат, жылдық 1105 сағат, 8-сыныпта – 32,5 сағат, жылдық 1105 сағат, 9-сыныпта – 34 сағат, жылдық 1156 сағат құрайды. Жалпы орта білім беруде жаратылыстану-математикалық бағыт 10-сынып 35 сағаттан, жылдық 1190 сағат, 11-сынып 35 сағат, жылдық 1190 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағыт 10-сынып 34 сағат, жылдық 1156 сағат, 11-сынып 34 сағат, жылдық 1156 сағат құрайды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу

жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: *Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.*

Қосымша №3: Тарификация, штат кестесі.

сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 1-тарау. Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

2-қосымша 1-тарауына сәйкес «М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» жалпы орта білім беру ММ болып табылады. Мектепте топтарға бөліп оқытуда ағылшын, информатика, цифрлы сауаттылық, көркем еңбек пәндерінде жүргізді.

ҚОРЫТЫНДЫ: *2021-2024 жылдары инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар 2021-22 жылы 8 оқушы. 2022-23 жылы 6 оқушы, 2023-2024 жылы 7 оқушы білім алды.*

Қосымша №3: Тарификация, штат кестесі

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылды. Педагогикалық кеңесте қаралды. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1-класқа қабылдау, 10-класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталды. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырды. Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылды, ал оныншы сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан

барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған.

2021-2022 оқу жылының басында 1077 оқушы. 1- сыныпқа 83 оқушы, 10- сыныпқа 80 оқушы қабылданды. 9 кластан 113 оқушы, 11 кластан 71 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылды.

2022-2023 оқу жылының басында 978 оқушы. 1- сыныпқа 98 оқушы, 10- сыныпқа 68 оқушы қабылданды. 9 кластан 88 оқушы, 11 кластан 75 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылды.

2023-2024 оқу жылының басында 1008 оқушы. 1-сыныпқа 100 оқушы, 10-сыныпқа 61 оқушы қабылданды.

Мектептен құқыққа қарсы әрекет еткен жасағаны үшін шығарылған оқушы болмады, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырды.

Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырды

Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған.

Оқу жылы	Келген оқушылар саны		Бітірген оқушылар саны	
	1 сынып	10 сынып	9 сынып	11 сынып
2021-2022	83	80	113	71
2022-2023	98	68	88	75
2023-2024	100	61		

ҚОРЫТЫНДЫ: 2021-2022,2022-2023 оқу жылдарында жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптар сақталды.

Қосымша №4: Контингент

сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2022,2022-2023 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «kundelik.kz» күнделік журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілді.

